Бүгінгі білім жүйесіне уақыт талабына сай өзгерістер енгізу- жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие процестерін ұйымдастырудың дәстүрлі жүйесінің орнына, білім алушылардың белсенді, өз бетінше жұмыс жасауын көтермелейтін оқудың кредиттік жүйесі енгізіліп, оқу- тәрбие процесін жаңаша көзқараспен қарап, жаңаша ұйымдастыру қажеттілігі туындап отыр. Жоғары оқу орындарының түлектерін ауылдық жерлерде жұмыс істеуге тарту және орнықтыру тетігін әзірлеу мәселесі қолға алынып жатқаны белгілі. Жоғары оқу орындарының мүмкіндіктері педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда жан-жақты пайдаланылмайды. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау мәселелерін шешу жөнінде шет елдермен тәжірибе алмасу қарастырылуда. ЖОО-ның педагогтарына қойылатын талаптар жоғары мектептегі оқу-тәрбие процестерін ұйымдастырудың ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Білім беру бағдарламаларына инновациялық педагогикалық технологияларды еңгізе алатын, ізденушілік, зерттеушілік және шығармашылық қызмет дағдылары қалыптасқан, оқытудың ақпараттық және қашықтан оқыту технологияларын, көп тілді меңгерген, үнемі білімін жетіілдіретін, рефлексиялық, эмпатиялық қабілеттері жетілген, ғылыми дәрежесіне сай мінез-құлқы қалыптасқан, әдепті, толерантты шебер оқытушы болуы қажет.

Әдебиеттер

1. ҚР жаңа формация педагогінің үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы// Егеменді Қазақстан, 2005.
2. Мырзатаев Даулеткелді. Қолжазба. - Көкдөнен. - 2008.
3. Ғалымжан Нұрышев «Жаңа тұрпатты ұстаз жаңарған қоғамға қажет» ЕҚ // № 90-93 (25939) 12 Наурыз жұма, 2010.
4. Игенбаева Р.Т. Жоғары мектеп педагогикасы. - Алматы, 2011.
5. Кукушкин В.С. Современные педагогические технологии. Начальная школа. Пособие для учителя. (Серия «Учение с увлечением»). – Ростов н/Д: Феникс, 2004. - 384 с.
6. Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. - Өскемен, 2005.
7. Мұқаметқали М. Мұғалімдерді кәсіби педагогикалық инновациялық іс-әрекетке даярлау жолдары. - Өскемен, 2004.
8. Б. Тұрғанбаева. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. - Алматы, 1999.
9. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - М., 1988.

Резюме

Автор рассматривает некоторые проблемы, возникающие в процессе обучения в высших учебных заведениях. Актуализируется проблема формирования преподавателя новой формации.

Summary

The author considers some problems arising in the course of training in higher educational institutions. The problem of formation of the teacher of a new formation is staticized.

ӘОЖ 81*373.21

Мақұлбек А.Б.
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМДЕРІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа: Антропонимдерді лингвомәдени тұрғыдан қарастыру арқылы ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен халықтың танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін тану, олардың қызметі мен орнын анықтау деп түйіндеу сонымен қатар тіл мен мәдениеттің бірге туып, біте қайнасқан бір тұтас дүние екендігін көрсетуге болады.

Кілттік сөздер: Лингвомәдениеттану, этнолингвистика, фольклористика, диалектология, этимология, эвфемизм, архаизм.

Бұрынғы заманнан халық санасына сіңіп, жанында жатталған көне сөздердің дамуы мен тілдік қолданыс аясын анықтау, ұлт мәдениетімен сабақтастыру тіл ғылымының ерекше назар аударатын мәселесінің бірі болып табылады. Мәдениет ұлттық менталитет құндылықтарының негізі, ол тіл қасиетінде көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда әр халықтың тілінде өзі жасаған, сонымен қоса табиғат дарытқан ұлттық мәдениеттің ізі бар. Бұл тіл мен мәдениеттің тоғысу жолында пайда болатын лингвомәдениеттану пәнінің негізінде қалыптасып, өрбиді.

Лингвомәдениеттану латынның Lingua- тіл, Cultura – мәдениет, Logos – ілім деген терминдердің жинақталуынан туындап, лингвистика мен мәдениеттану пәндерінің тоғысуында пайда болып, халық мәдениетінің тілдегі әсерін, ерекшелігін жаңаша көзқараспен зерттейтін сала. Осы орайда В.Н.Телия: “Лингвомәдениеттану – тілдің корреспонденциясы мен мәдениеттің өзара қатынасының синхронды түрін зерттейтін және сипаттайтын этнолиновистиканың бір бөлшегі” [1,217] деген анықтама береді.

Ә. Қайдар этнолингвистикамен сабақтас этнос болмысының сан түрлі қырын зерттейтін ғылымды екіге бөледі: бірінші топқа “этнос тіліне жалпы қатысы бар этнография, этнология, өлкетану, фольклористика, мифология, астрономия, педагогика, дидактика т.б.ғылымдар; екіншісі этнос тілінің тілдік табиғатын айқындауға тікелей қатысты ғылымдар, оларға этимология, диалектология,ономастика, фразеология, паремиология, терминология, лексикография, социолиновистика, этнолиниговистика, психолиновистика т.б. жатады” [2,12] дейді. «Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәнін» зертеген Сейілхан Айгүл мәдениеттанушы Ә.Қайдар бөлген сабақтас ғылымдардың бірінші тобына кіргізе отырып, ресей ғалымдарының түрлі ой – пікірлермен дәлелдейді [3,27]. Демек, бұл екі топтағы ғалым салаларынан этнолиновистикамен байланыстыратын, этнос болмысын танытатын тілдік дерек көздерін көреміз. Міне, осындай сабақтастықтың бірі – этностық мәдениетін таныту, мәдениет мүддесін көздеген лингвомәдениеттанумен сабақтас қарастыру.

Осы тұрғыдан қазақ антропонимдері тілдегі сөздік құрамының бір бөлігі болып саналады. Ол өзінің даму арнасын жалпы халық тілі қорынан алады да, тіліміздің ішкі заңдылықтарына сәйкес дамып отырады. Сондықтанда болса керек қазақ есімдерінің басым тобы халқымыздың өткен заманынан бастап күні бүгінге дейінгі мәдени өмір бейнесін анық көрсетіп отырады.

Бұл ретте қазақтардың балаға ат қоюында белгілі бір ырымдардың негіз болуы сөздің құдіретті күшіне сенуді көрсетеді. Мәселен, Жаманбала, Күшікбай, Салбыр, Сүйір, Сағал, Итбай т.б. есімдер көз тимесін, аман болсын, баламды жын-шайтаннан сақтасын деген мәнді анғартса, Тілеуімбет, Тілеубек, Тілеуберді, Тілеміс, Тұрлыбек, Сағындық, Ұлдана, Ұлжан т.б. лингвокультуремалардың прототипі ұл күту, бала тілеу тәрізді тілек мәнді семантиканы білдіретін антропонимдер; Артықбай, Бақберді, Байдалы, Қайыргелді, Несібелі т.б. жалпы есімдердің протатипі дүниеге келген балаға ат қою арқылы оған белгілі бір қасиеттерді дарыту дегенге меңзейді; кейбір есімдер тотеммен байланысты қойылып келеді: Барақ, Тұйғын, Сырттан, Төбет, Бөрібай, Қасқырбай, Аюбай т.б.

Қазақ антропонимдерінің лингвомәдениеттанымдық мәні этностық бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті. Сонымен бірге ұлттың барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, асыл қазына ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп

отырады. Тіл мен мәдениеттің бірге туып, біте қайнасқан бір тұтас дүние екендігін біз осыдан көреміз. Тілдердің дәл осындай лингвомәдени өнегесі сөзбен өріліп, жадында сақтау қасиеті болмаса, ешбір халықта дәстүр жалғастығы болмаған болар еді.

Т. Жанұзақов былай деп жазады: «Балаларға жарасымды да сұлу есім беруде ешбір шек болмаған. Есімдер тарихында ғасырлар бойы жаңару, ескіру, архаизмге айналу процесі болып отырады. Бұл – заңды құбылыс. Адамдарға ат кою себептері төмендегідей түрлі тілек – мақсатармен байланысты болып отырған: а) бала дәулетті де бай, ауқатты болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Байбол, Дәулетбай, Алтынбай, Малбай; ә) күшті де батыл, қырағы да сақ, ер жүрек болсын деп қойылған есімдер: Арыстан, Батырбек, Қаhарман, Алпамыс, Тарғын, Қобыланды, Қамбар; б) бала сұлу да көрікті, ажарлы да әсем болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Айсұлу, Нұрсұлу, Әсем, Аққыз, Әппақ, Арайша, Ботакөз, Жамал; в) денсаулығы зор болып, ұзақ жасасын деген тілекпен қойылған есімдер: Ұзақ, Өмірзақ, Мыңжасар; г) бала ақылды да тапқыр болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Ақылбай, Ақылбек, Данышпан, Есбол, Дана; ғ) бала мырза да жомарт болсын деп қойылған есімдер: Жомарт, Жомартбай, Мырзабек, Мәртай т.б. [4,12].

Сонымен, антропонимдерді лингвомәдени тұрғыдан қарастыру арқылы ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен халықтың танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін тану, олардың қызметі мен орнын анықтау деп түйіндеуге болады. Осы орайда лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу обектінің ауқымы ұлттық мәдениеттің және рухани құндылықтардың тілдегі көрінісі әдебиет, фольклорда берілуі арқылы кеңи түсетіні көрінді. Қазақ антропонимдерінің лингвомәдениеттанымдық мәніне негізделген ойымызды Ақселеу Сейдімбектің мына пікірі толықтыра түскендей: “Қыз туса, үйге тұтқа болсын деп кіндігін от орнына көмеді. Ұл туса, түзге тұтқа болсын, елдің қорғаны болсын деп, кіндігін алты қырдан асырып тастайды. Жаңа туған нәрестені ауыздандырады жеті жұрттың тілін білсін десе сауысқаннын тілімен, күйші болсын десе домбыраның құлағымен, бай болсын десе қойдың құйрығымен ауыздандырады... Қаз басып жүре бастаған баланың тұсауын кесерде үш түрлі тілекпен кеседі. Бірінші, баланың тұқымы өніп-өсіп, шөптей көп болсын деп аяғын шөппен тұсап кеседі. Екінші, малды, байлы болсын деп, аяғын тоқ ішекпен тұсап кеседі. Үшінші адал болсын, біреудің ала жібін аттамайтын шыншыл болсын деп, баланың аяғын ала жіппен тұсап кеседі... Баланы зарығып көрген адам дүниге келген нәрестені біреуге беріп, одан қайта сатып алу ырымын жасайды. Мұндайда қайта сатушы адам, балаға көз тимесин, аман болсын деген тілекпен дуана кейпінде киіндіріп, бас киіміне қауырсынның тозығы жеткен сояуларын қадайтын болған [5,271].

Сондай-ақ туыстық қатынасты анықтайтын халқымыздың тұрмысымен байланысып жатқан ғұрыптың бірі- “жанама ат қою”, “ат тергеу” салты. Сөзге тиым салу, астарлап, жасырып сөйлеу дәстүрі кісі аттарына да әсерін тигізбей қалмаған. Бұрынғы кезде әйелдер ерінің, ата-ене, қайнаға, қайын, қайын сіңілілерінің атын атамайтын. Мұны “ат тергеу” ғұрыпы деп атаған. Бұлайша сөздерге тиым салуды ғылымда табу дейді. Ауылға түскен келіннің жасы кіші қыздар мен балаларды еркелетіп “бикеш”, “бөпеқан”, “аппақ”, “шырайлым”, “талқан” деп қойған атаулары шын атына айналып кететін кездері де болған. Әйелі күйеуінің атын атамай “әлгі”, “біздің үйдегі”, “от ағасы” т.б. атаса, соңғы кездері күйеуінің мамандығына байланысты да ат қойып отырған. Мәселен, “мұғалім”, “емші”, “ел ағасы”, “асыраушы” т.б.

Т. Жанұзақов ауылдағы жасы үлкен адамдардың атын тура атамай, бұрмалап атау, жалпы есім создерімен алмастырып айту кеңінен етек алғандығын айта келіп, төмендегідей мысалдармен дәлелдейді: “Жоламан деген атасының атын атай алмай, оның келіні “Соқпақ атты” деген. Сүттібайды- “Уыз”, Бұқабайды- “Сүзербай”, Қарабасты- “Баран шеке”, Сарыбас- “Шикіл шеке”, Көжекбай- “Қоян ата”, Үзікбай- “Дөдеге”, Жамантай- “Жайсызтай”, Ақбай- “Қылаң ата”, Түлкібай- “Қайырма”, Қозыбақ - “Кепе”, Қойлыбай - “Жандық”, Еламан- “Халық есен”, Асаубай- “Торпақ”, Қамысбек- “Құрақ ата”, Асыл- “Бекзат ата”, Бүйенбай- “Жуан шек”, Мергенбай- “Атқыншыл”, Ақылбай- “Ой ата”, Қарабек- “Боран” т.б. [6,85].

Табу мен эвфемизмге көркем шығармаларда да ерекше мән бергендігіне қазақ әдебиетінің классик жазушысы Ғ. Мүсіреповтың “Ұлпан” повесіндегі қыз баланың мына сөзі дәлел болса керек: “Ауылға жақындай келе Ұлпан құрылып жатқан Алтыбақанды көрді. Екі жігіт бақандарын байланыстырып болып, енді арқандарын тағып жатыр екен.

- Бұларың кім? Бұл ауылда жігіттерің бар ма еді? – деп сұрады Ұлпан.

- Төрттен астам ауылының жігіттері ғой “Алтыбақан” құрып жатқан. Кешке “Алтыбақан” тебеміз.

- Төрттен астам?
- Төрттен астам дегенге де түсінбеймісің?
- Түсінсем сұрар ма едім.
- Төрт дегенді білесің ғой! Соған тағы бірді қосшы.
- Қостым.
- Нешеу болды?
- Бесеу болад та.
- Бесбай ауылы дегенді «Төрттен астам» ауылы демегенде қалай айтамыз? Сен де солай атайтын боласын.
- Жоқ мен олай атамайтын болармын. Менің Есеней екенімді білемісің?
- Білемін... Би ағамыз сені солай атап кетіпті ғой.
- Білсең, мен әр ауылды өзінің атымен атайтын боламын. Бесбай ауылы дермін. Сенің аулыңның «Екі үй Түрікпен»деген атын да жайдырармын. Аталарыңның аты кім еді?
- Жұрт дегенді тағы да бір түрлі етіп айтып көрші.
- Ел ме?
- Иә, иә, ел... енді соған күйеуің бір жақтан келгенде не деп амандасатыныңды қосшы...
- Ат-көлік аман келдің бе, дейтін шығар.
- Енді соның ат-көлік дегенін таста да, аман дегенін қос.
- Ел-аман, Еламан ба?
- Иә, иә сол.
- Тәңірі алғыр-ау Бесбайыңды да, Еламаныңды да өзің атап қойдың ғой!
- Сөйттім бе, әй? Аузыңнан шығара көрмеші апатай.
- Шығарғанда қандай! Айдай әлемге таратам. Бесбай дедіңбе, Еламан дедің бе?
- Сен ғой еріксіз айтқызған «[Ғ. Мүсірепов. Ұлпан. Алматы: жазушы, 1975, 118-119б].
- Бұл ретте М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясына үңілейік: «Ертеңінде, Абай мен Ербол Шілікті кезеңінен аттанып шығысымен Шүкіман жайын ауызға алысты.
- Керім, керім... Несін айтасын! – деді Абай.
- Әй керім! Әй керім! – деп Ербол да сұқтанып тамсанудың үстінде еді.

Абай, «қалай айттың, қалай айттың» - деп жолдасының жаңағы айтысын қайта-қайта қайыртты да:

- Ал мен бір нәрсе айтайын ба? Бұның Шүкіман деген аты сұлу емес,

сай емес! Жаңа ат қоямыз. Оны дәл осы арада сен таптың. Шүкіман аты қалсын, ендігі аты «Әйгерім,Әйгерім болады! – деді «[М. Әуезов. Абай жолы 3т. Алматы 1957].

Жоғарыдағы келтірген мысалдар арқылы тіл мен мәдениет ұғымдарының сабақтастығы тағы да бір қырынан танылды. Қазақ есімдерін лингвомәдени тұрғыдан зерттеу де тіл қарым-қатынас құралының ғана қызметін атқармайды, ол адам өмірінің рухани мәдениетінің қазақ халқына тән тума қасиеттерін жинақтаушы, ұрпақтан - ұрпаққа жеткізушы құралы ретін де танылады. Лингвомәдениеттану пәнінің қоғамдағы әлеуметтік орнын дәлелдей түсетін босақ, ол өмірде адамдардың жеке тұлға ретінде, ұлт ретінде қалыптасуына тікелей септігін тигізеді.

Осы орайда табуды алғашқы қоғам дәуіріндедіни сеніммен байланысты белгілі бір сөз, іс,зат атын атауға болмайтын тыйым, архаизмнің антропонимдік формасы ретінде атауға болады. Сондай-ақ табуды ерте дәуірден бері желісін үзбей келе жатқан қазақ халқының рухани мәдени дәстүрін жалғастырушы құбылыс ретінде танимыз.

Адамның толық аты – жөнінің бірі әкенемесе шеше атымен атау қазақ тұрмысында,оның тарихында ежелден бар жәйт. Бұл құбылыс халық ауыз әдебиетінде, сөйлеу тілінде, жазушылардың шығармаларында да кездесіп отырады. Мысалы: «Құлым қажының ауылынан «қарақасқа сорлылардың»қатарына қосылатын Балғабайдың сумұрын Нұртазасы мен Жыланкөз Ыбырайдың Ахметі жүр. Балтабай ауылынан «қарақасқа сорлылардың» қатарына қосылатын Өстемірдің Қалжақбас Ғабдеші, Саржан қатынның Ұзын Әшкері, Тапалтақ Әбділман, Омардың таз Сұлтанқайы жүр; Крестадан өмір бойы Сақтағанның сауыншысы болған Қойшығалидың Арықбаласы, Төлебайдың Айранкөз Уәлиі жүр. Қараталдан – Қөшекбайдың шұбар Өтегені, Құсайынның бұжыр Ережебі, суылдақ Құзыярдың балалары және ұзынмұрын Құрманның інісі Мәжен жүр». [С.Мұқанов Таңдамалы шығармалар, 2т.Алматы, 1955, 303-304 б]. Жазушы бұлжерде кейіпкерлерінің жүріс-тұрысын, мінез-құлқын, болмысын сын көзбен қарай отырып суреттеген.

Аты Мұстафа болғанмен жұрт оны Сақау деп кеткен. Көкериді мен жақсы білемін. Оның шын аты Аманжол. Бала кезінде жылауық болғандықтан, жеңгелері оны тауықтың дамылсыз шақыратын әтешіне ұқсатып «көрер-көк» қойған да, содан «Көкери» атанып кеткен. Қасқұлақтың шын аты – Айтжан.

Құлақтары қасықтай қалқиған үлкен болғандықтан, бала кезіндежеңгелері «Қасық құлақ» қойған да, содан «Қасық құлақ» атанып кеткен. [Бұл да сонда, 26,41б.]

Бұл сияқты көркем әдебиеттерде қолданылатын кісі есімдері М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Нүрпейсов, Т.Ахтанов, т.б.шығармаларда көптеп кездесіп отырады. Мұндай кісі есімдері дара күйінде де, кісі аттарымен тіркесе де қолданылып отырады. Мәселен, Қасқабас, Сабалақ, Көккөз, Зуылдақ, Заманбек, Жыланқы Айбас, Жылпос Есболған, Әңгүдік Хасен, Жалантөс, т.б.

Т.Жанұзақов тіліміздегі лақап аттарды, лексикалық мағынасына қарай мынадай топтарға бөліп қарайды: «а) адамның бет-әлпет түріне, көзі, шашына байланысты: Қаракөз, Айша, Шұбар Малыбай, Шегір Асаубай, Қызылбет Әли т.б. б) адамның жүрісі, тұлғасы, мүсініне байланысты: Жорға Жұмабай, Түйе балуан, Қисық Әлтай, Шойынқұлақ т.б. в) адамның дене мүшесінің кемдігіне байланысты: Шолақ Шаймерден, Таз Сұлтақай, Пысылдақ Омар,Кекеш Ораз т.б. г) мінез-құлық,бейімділік әрекетке,ерекшелік қасиеттерге байланысты: Найзағай Асан, Қиясбай, Қисық, Дарабоз т.б. ғ) негізігі кәсібі,қызмет бабыны байланысты: Етікші Ахмет, Саятшы Ораз, Ұста Сұлтанбек, Мұғалім Оспан т.б. д) әлеуметтік, яки қоғамдық жағдайға байланысты: Аяз би, Алғазы Сұлтан, Сағыр батыр, мырза Боранбай т.т.»[6,80-81 б.].

Міне, жоғарыдағы дәлелді мысалдардан кейін тіл – ұлттың тірегі, ұлт-мәдениеттің негізі деген тұжырымға келуге болады. Қазақ антропонимдерінің лингвомәдени мәні түптеп келгенде тіл мен мәдениет арасындағы ажырағысыз байланысты танытады. Осы байланыс ана тілі бойында сан ғасырлардан бері сақталып келе жатыр, мұндай мәдениет халық өмірінің айнасы іспетті. Осындай әр халықтың мәдени өмірінен хабар ететін атаулар мен құбылыстарлингвомәдени деректерді молынан сипаттайды. Мәдениет пен тіл арасындағы байланыста тілөзерекшелігімен,эстетикалық құндылығымен жоғары бағаланады. Ал, эстетика адам баласының рухани болмысын,өмірге көзқарасын, таным, талғамын, әдемілік категорияларын қарастырады.

Сонымен,қоғамдағы мәдениет пен тілдің тоғысуынан туындаған лингвомәдениеттану – әр этнос лексикасының мәдени- тілдік деректерін сипаттайтын, ана тілі арқылы өзге жұртқа өз мәдениетін насихаттайтын ұлттық рух пен халық болмысын тіл деректері арқылы жеткізетін қоғамдық-әлеуметтік мәні бар кешенді пән.

Әдебиеттер

1. Телия В.Н. Русская фразеология. М., 1996. 217 с.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, 1998. 304 б.
3. Сейілхан Айгүл. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні. Филол.ғыл.канд.автореф. Алматы, 1996. 30б.
4. Жанұзақов Т. Есіміңіз кім? Алматы, Қазақстан, 1989.
5. Ақселеу Сейдімбек. Қазақ әлемі. (этномәдени пайымдау). Алматы: Санат, 1997. 464 б.
6. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы: Ғылым, 1971. 215 б.

Резюме

В статье раскрывается этнолингвистика казахских антропонимов.

Summary

The article discovers ethnolinguistics of Kazakh anthroponomy.

УДК 347.781.5

Молдалы М.С., Авдонин В.В.
ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПРОЗЫ Л. УЛИЦКОЙ

Аннотация: В статье, анализируя отклики современных критиков, рассматривается творчество Людмилы Улицкой, ее место и позиция в современной русской литературе, направленность и характер ее произведений. В своих произведениях она раскрывает разную тематику и проблематику.

Ключевые слова: современная критика, «женская» проза, «женское» письмо.

Появление первых произведений Л.Улицкой не обратило на себя особого внимания официальной российской критики. Это можно объяснить тем, что рассказы, отклонённые «толстыми журналами», затерялись в ежедневных газетах и в массовых журналах.

Большую известность принесла писательнице повесть «Сонечка», опубликованная в 7-ом номере «Нового мира» 1992-го года. Признание художественного таланта Л.Улицкой за границей способствовало росту популярности её произведений и в России. В 1993-м и 1996-м годах «Сонечка» и роман «Медея и её дети» были номинированы на Букеровскую премию, которая, наконец, была присуждена за роман «Казус Кукоцкого» в 2001 году. В 2004-ом году на 17-й Международной книжной ярмарке в Москве Л.Улицкая была признана автором года «за рекордную популярность произведений некоммерческой литературы». Совсем недавно писательница была награждена французским орденом Почётного легиона.

Критики приложили много усилий для того, чтобы выяснить, к какому литературному течению принадлежит творчество писательницы. Это, по нашему мнению, является свидетельством неоднозначной оценки творчества Л.Улицкой в российском литературоведении. Л.Куклин, опираясь на авторское отношение к персонажам, видит влияние факторов бывшей профессии Л.Улицкой на художественное творчество. С точки зрения исследователя, Л.Улицкая – «писатель сугубо бытовой», «работник Природы, Натуры, «натуралист» в самом полном, исчерпывающем смысле этого слова». Писательница, по мнению Л. Куклина, относится к своим персонажам как к «биологическим объектам», они у неё «растения». То, что написала Л.Улицкая, исследователь считает «литературой ни о чём». Секрет её читательского успеха заключается, по мнению автора статьи, исключительно в «теме ума, гонений, унижений, страданий» [2, с. 43].

С. Тимина проанализировала «Медею и её детей», использовав мифопоэтический подход. Учёный отнесла Л.Улицкую «к разряду таких писателей, которые даже в страшные времена не боятся поместить смятенную и попираемую, но всё же бесконечно сильную человеческую душу в центр созидаемого ими мироздания» [8, с. 54].

В статье В.Я.Скворцова и А.И.Скворцовой рассматривается тема жертвенной любви и своеобразного восприятия мира у героев в повести «Весёлые похороны». Авторы попытались выявить проблематику и основную идею произведения, поверяя его с мыслью современной философии, К.Ясперса и др. [6, с. 76].

Е.Щеглова сделала акцент на идейно-содержательный план крупных произведений Л.Улицкой, рассматривая их в контексте современного литературного процесса, и пришла к выводу, что главное достоинство творчества писательницы заключается в авторском отношении к своему герою, в спокойной повествовательной манере. Критик справедливо замечает, что «Л.Улицкая подкупала и подкупает не просто интересом к человеческой личности, а состраданием к ней – вовсе делом в нынешней литературе нечастым» [9, с. 31].

Исследовательский интерес названных публикаций к прозе Л.Улицкой сводился в основном к обзорному анализу идейно-содержательного плана отдельных крупных произведений. Хорошо и позитивно отзывается о творчестве писательницы западная славистика. Французские рецензенты, называя прозу Л.Улицкой «исповедальной», отмечают, что «она чутко улавливает нюансы человеческой природы и, облекая их в прихотливые одежды яркого и точного языка, возвращает читателю. Творческая фантазия писательницы – продолжение собственного опыта, совершенно

оригинального и, тем не менее, близкого многим. Её герои владеют особым языком – сохранившим изумительную буквальность, охраняющим первоначальный смысл слов».

Имя Л.Улицкой часть появляется в работах общего характера по современной русской литературе. Среди них выделяется три публикации обзорного плана [4, 5, 6, 8]. Работ, посвященных непосредственному анализу её проблематики и поэтики, очень немного [1, 3].

В своей статье «Поэтика рассказов Л.Улицкой» Е. Ишкина коротко обобщила основные художественные элементы того же сборника «Бедные родственники», выделила такие, как герои, авторская позиция, главные мотивы, образ мира [1, с. 87].

В статьях Т. Колядич, В. Скворцова сделаны важные замечания о малой прозе писательницы, выявлена духовную сущность героев, определены ведущие мотивы и сказочно-мифологические подосновы рассказов. Основной вывод заключается в определении главного исследовательского предмета у Л.Улицкой, который сформулирован как «центральная драма человеческого бытия».

Своеобразие организации циклов рассказов писательницы исследовала Т. Колядич. Автор статьи даёт краткий обзорный анализ структурных составляющих рассказов писательницы: хронотоп, художественная деталь, ирония, форма повествования. По мнению учёного, особенности стиля Л.Улицкой проявляются «в чётком конструировании фразы, употреблении цепочки эпитетов, часто встречаются цветовые или составные эпитеты, номинативные конструкции, разновидности наречий (обычно временные и слова состояния), создании неологизмов, авторских образований (построенных по ассоциации), смешении разных слоев лексики с целью проявления оценочного эффекта» [3].

Названные работы стали этапом в научном постижении творчества писательницы. Они могут служить отправной методологической базой для изучения рассказов Л.Улицкой. При этом очевидно, на современном этапе творчество Л.Улицкой во многом исследовано недостаточно полно и глубоко, нет единства мнений по ряду существенных вопросов.

Один из наиболее сложных – и до сих пор нерешённых в научной литературе о Л.Улицкой – вопрос о человеке в художественном мире писательницы, об авторском взгляде на «природу людей».

Творчество Л.Улицкой отличается трогательно-любовным отношением к герою, ярким выражением и утверждением самоценности «частной жизни» и глубинной связью с литераторами-предшественниками. Связь с русской классикой проявляется в обращении к положениям, характерам, типологически соотносимым с положениями, характерами таких авторов, как А.Пушкин, Н.Гоголь, Ф.Достоевский, А.Чехов, Л.Андреев.

Создавая выразительные персонажи, писательница прибегает к речевой и портретной характеристике, к предметной детали, к несобственно-прямой речи. Важную роль в малой прозе Л.Улицкой играют внефабульные элементы, призванные осветить сознательные и подсознательные процессы у создаваемых характеров: авторское отступление, сон, ассоциативное воспоминание [6, с. 65]. Для прозы Л.Улицкой характерен углубленный психологизм. Писательница дифференцирует процессы, происходящие во внутреннем мире взрослого человека и ребёнка. Автор особенно оригинален в рассказах на тему сохранения человеческого достоинства в условиях тоталитарного режима. Глазами детей писательница смотрит на конфликт личности с государством. Проза Л.Улицкой отличается от прозы авторов-постмодернистов психологической разработанностью характеров [8]. В своём большинстве положительные характеры Л.Улицкой, особенно в рассказах на тему столкновения мечты и действительности, спасения от жестокостей внешнего мира, являются романтическими, ведомыми жизнью души. Их поступки определяет интуиция, генетическая память. Автор зачастую не мотивирует отличительные особенности таких характеров.

Особое значение в создании характеров в прозе Л.Улицкой играет сравнительная характеристика представленных автором поколений, принятие или неприятие ими этических ориентиров взрастившего их времени, их отношение к прошлому, к вневременным ценностям.

Литература

1. Ишкина Е.Л. Поэтика рассказов Л.Улицкой // Актуальные проблемы современной филологии. Литературоведение. – Новый мир. – 1992. – С. 120-121.
2. Куклип Л. Казус Улицкой // Нева. – 2003. – №7. – С. 177.
3. Колядич Т. Современная русская литература: В 3-х кн. Кн. 3. – М.. 2003. С. 93-94.

4. Мела О. «Сонечка» Людмилы Улицкой с гендерной точки зрения: новое пол Солнцем? // Преображение. – 1998. – №6. – С. 107.
5. Молчанов Л. Настоящая женская проза или Феномен Людмилы Улицкой. http: //\vriter.fio.ru/ne\vs.php?n=200578&c=1668.
6. Скворцов В.Я., Скворцова А.И. Самобытие человека в повести Людмилы Улицкой «Весёлые похороны» // Вестник ВолГУ. Серия 2: Филология. Журналистика. Волгоград. – 2000. – №5. – С. 105-112.
7. Тимина С. Медея XX века: полемика, традиция, миф // Санкт-Петербургский университет. – 1998. – №16-17. http: // www. spbuinag.nw.ru/olilinclex.html.
8. Улицкая Л. Бронька //Огонек – 1989.- №52. – С. 20-23.
9. Щеглова Е.О спокойном достоинстве - и не только о нём: Людмила Улицкая и ее мир // Нева. – 2003. – №7. – С. 185.

Түйін

Мақалада Людмила Улицкаяның шығармашылығы, оның қазіргі заман әдебиетіндегі орны мен жағдайы, еңбектерінің бағыты мен сипаты қарастырылған. Өз шығармаларында ол әр түрлі тақырыптар мен мәселелерді ашады.

Summary

Analyzing the modern critics responses works by Lyudmila Ulitskaya, her place and position in modern Russian literature, orientation and her works peculiarities are considered in the article. She exposes different subjects and range of problems in her works.

ӘОЖ 351.382.

Орман Г.Р.
Ордабасы ауданы, С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебі

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа: “Жеке адамды жан-жақты тәрбиелеудің төмендегідей маңызды бір жағы – шығармашылық. Шығармашылық – бұл білімдердің жиынтығы емес, қайта интеллектінің ерекше бағыты, жеке адамның интеллектуалдық өмірінің және оның белсенді қызметте көрінген күшінің арасындағы ерекше өзара байланыс”,– дейді Ш.Әленұлы. “Адамның шығармашылығын дамыту ең алдымен шығармашылық ойлауға байланысты”, – дейді А.Н.Лук. Дарынды оқушылардың шығармашылығы оның жеке тұлға ретінде қалыптасу үдерісінде пайда болады. Дарынды баланы жастайынан шығармашылық қасиеттерін дамытуға, логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге баулуымыз керек.

Дарынды оқушылардың шығармашылық белсенділігін, оқыту үдерісінде мұғалім педагогикалық шеберлігімен, оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы, оқушының өз тарапынан белсенділік көрсету мен өзіне деген сенімділігі арқылы ғана дамытуға болады.

Шығармашылық жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылу деп айтсақ, бұрыннан белгілі нәрсені қайталауды немесе көшіруді шығармашылық деп айтуға болмайды, бірақ бұрыннан белгілі, таныс нәрселердің өзін жаңаша түрде жасау, таныс емес қасиеттерін табу шығармашылыққа тән құбылыс. Демек, шығармашылық белсенділік – оқушының компьютерлік технологиямен белгілі бір іс-әрекетте мәселені көре білуге, өз іс-әрекетінің бағдарламасын жасай білуге және ойды іске асыру үшін жаңа идеялар тудыруға деген ынта-ықыласының ерекше қасиеті деп тұжырымдауға болады.

Кілттік сөздер: педагогика, мектеп, ақпараттық технология, әдіс, әдістеме, оқыту, үлес

Бастауыш мектепте оқушылардың шығармашылық белсенділігін жаңа педагогикалық технология есебіндегі компьютерлік технология негізінде дамыту мәселесінің психологиялық-педагогикалық негіздерін қарастырып, бұл туралы көкейкесті мәселенің әлі де көп екеніне,

компьютерлік технология арқылы дамытуды қажет еткен, арнайы әдіс-тәсілдер ретіндегі технология қолдану керек екендігіне көз жеткіздік.

Білім берудің тиімділігін арттыру үшін оқу үдерісін адамды қоршаған ортадағы болып жатқан өзгерістерді есепке ала отырып ұйымдастыру керек. Ол маңызды өзгерістер ақпараттық салада. Бүгінде еліміздегі мектептердің компьютерлік сыныптары мен кабинеттері толық компьютерлі техникамен жабдықталған. Мультимедиялық кабинеттер білім сапасын көтеруге үлес қосып келеді.

Ғылыми-техникалық прогресс – компьютерлік техниканың жетістіктері білім беру саласында технологиялық жаңа әдістерді кеңінен қолдануды қажет етуде.

Кез-келген оқыту технологиясы – ақпараттық технология екенін ескерсек, оқыту үдерісінде білім беруді жоғары деңгейде, дарынды баланың шығармашылық белсенділігін дамытып оқыту жаңа ақпараттық технологияға көшуді қажет етеді. *Оқыту үдерісіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз*–оқу мен оқу-тәрбие материалдарын, үйретуге арналған компьютерлік технология, компьютерлік технологияның оқу үдерісіндегі қызметі, мұғалімдер еңбегі мен оқушылардың білімін жетілдіруде оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы білім беру жүйесі [1-8].

Оқыту үдерісін технологияландырудың қажеттілігін өз заманында Я.А.Коменский айтқан болатын. Ол бүгінде маңыздылығын арттырып келеді.

Технологиямен – нені үйретсе де, нені оқытса да, оқу үдерісі табысты, шығармашылықты болатыны анық. Оқытудың мұндай үдерісін Я.А.Коменский «дидактикалық машина» деп атаған [1-2]. Технологияға мақсат қою, осы мақсатқа жетудің құралдарын іздестіру, бұл құралдарды қолданудың ережелерін табу – *технологиялық оқытудың алгоритмі*. Соған байланысты, технологиялық оқытудың мақсаты, құралы, қолдану ережелері шықты. Демек, оқыту үдерісінде компьютерлік технологияны қолдану – *қажеттілік* болып отыр. Осы қажеттілікті қанағаттандыру үшін, мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуіне және оқыту құралы ретінде пайдалану бағыттары бойынша білімдерін көтеру және қайта даярлау курстарының мазмұнын өзгертіп, жасақтау қажеттілігі туындады [2]. Яғни, компьютерлік технологияны оқу үдерісінде кеңінен қолдану–білім берушінің де білім алушының да компьютерлік сауаттылығын заман талабына сай көтеру. Сондай-ақ, ауқымды және жергілікті компьютерлік желілердің, электрондық телекоммуникацияның, электрондық оқулықтардың дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп оқушыларының қазіргі уақыт талабына сай білім алуына, шығармашылық белсенділігін дамытуда үлесі орасан зор.

Компьютерлік технологияны қоғам қызметінің барлық саласына пайдалану ақпараттық қоғамның басты міндеті болып отыр. Компьютерлік техниканы білім беру жүйесінде кеңінен пайдалану оқытудың педагогикалық технологиясы, оқытудың ақпараттық технологиясы, *компьютерлік технологиямен оқытудың* тікелей қажеттілігіне алып келді.

Компьютерлік технологиямен оқыту деп оқушының өз бетімен шығармашылық іс-әрекетін дамытуға, оқыту үдерісін басқаруға, дәріс пен зертханалық-практикалық, дамытушы ойындық жұмыстарды, адам – компьютерлі тұрғыдан шешуге бағытталған әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, бағдарламалық-техникалық және ұйымдастыру құралдары кешенін айтамыз.

Оқу-тәрбие үдерісінде компьютерлік технологияны пайдаланып, оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін дамыту мәселелері Ж.А.Қараевтің зерттеулерінде көрсетілген. Дегенмен, ауқымды және жергілікті компьютерлік желісі сияқты жаңа телекоммуникациялық жүйелердің пайда болуына байланысты, компьютерлік технологиямен оқу үдерісін басқару үрдісі өзгереді. Яғни, компьютерді қолдану оқыту үдерісіндегі білім мен біліктілікке талаптарын, жетілдіріп жүйелеуді қажетсінеді.

Компьютерлік технологияны оқыту үдерісінде пайдалану арқылы, оқыту үдерісін жақсы жетістікке, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған нобайын жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Бүгінде оқыту құралдары: компьютерлер, компьютерлік техникалар, ауқымды және жергілікті компьютерлік желілер, интерактивті бағдарламалық құралдары, телекоммуникациялық байланыс және әдістемелік құрал-жабдықтар оқыту формаларының кез-келгенін жетілдіра алады. Бұл, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп оқушылардың жеке шығармашылық жұмыстарына әдістемелік нұсқау-құралдары ретінде атқаратын қызметіне, шығармашылық қызығушылығы мен белсенділігін дамытуға маңызы ұшан теңіз.

Оқу үдерісін компьютерлендіру түрлі бағдарламаларды, жүйелер мен орталарды кең көлемде қолдануда оқытудың формалары мен әдіс-тәсілдері, сондай-ақ білім беру үдерістерінің

мазмұны да оңтайлы өзгерістерге ұшырайды. Сол себепті, мектептің негізгі мәселесі – оқыту тиімділігін арттыру яғни, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту, компьютерлік технологияны қолданумен тікелей байланысты. Оларға:

– ақпарат көздерімен жұмыс істеу біліктілігін қалыптастыруы;

– ақпаратпен жұмыс істеудің заманауи әдіс-тәсілдерін үйретуі;

– оқушылардың жеке шығармашылық жұмысын арттыруы;

– оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілетін дамытуы;

– өмірге қажетті білім, білік және қызмет дағдыларын қалыптастыру.

Компьютерлік технологияны қолданып, оқытудың тиімділігін көтеруге болатындығын зерттеушілер былайша көрсетеді:

– оқытудың және оқушылардың шығармашылығын ғылыми ұйымдастыруды жетілдіру арқылы;

– оқыту үдерісін интенсивтендіру әдісін қолданумен;

– оқыту үдерісіне заманауи технологиялық құралдарын қолданумен. Мұның өзі, оқушының білім алуға деген белсенділігін арттырып, сабақтың, бақылаудың жаңа әдіс-тәсілдерін (есеп беру, жұрт алдында жобаларды қорғау, т.б.) іздеуге, білімге шығармашылықпен қарауына әсер етеді. Демек, компьютер кең көлемдегі ақпарат құралы ғана емес, адамның қоғамдағы өзін басқаруына, өзіндік танымы мен шығармашылығына жаңа жол ашып, жаңалыққа жаңаша жұмыс жасауға мүмкіндік беретін қуатты құрал.

«Интерактив» деген сөз ағылшынның «interact» («inter» – «өзара», «act»–«әрекет ету») деген сөздерінен шыққан. Яғни, интеракция – жеке тұлғалардың, топтың, жұптың өзара біріккен әрекетте бір-біріне алма кезек әсер етуі.

Интерактивті тақта арқылы мультимедиялық мәтін жазылған бейне материалдар, слайд, суреттер, сызбалар, кестелер, диаграммалар және т.б. қолданып, мұғалімдер өз пәні бойынша түсіндірген тақырыбының мазмұнын ашып көрсете алады. Тақтаның бетіне асығыс сыза салған сызбалар (үшбұрыш, төртбұрыш) әріп, жазулар әдемі қалпында жазылады.

Интерактивті оқыту – таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы.

Бүгінде мектеп оқушылары ғана емес, мәселен, Ақтөбе қаласы мектептерінің мұғалімдері интерактивті тақтамен жұмыс істеу тәсілдерін үйренуге ден қойып отыр. Интерактивті тақтаның мүмкіншіліктері: 1) уақыт үнемделеді; 2) аз уақытта көп білім беріледі; 3) көрнекілік кестелер, кеспелер әлемі қалпында түседі; 4) мәтіндерді оқып, талдауға мүмкіндігі мол; 5) оқушылар өз бетінше де жұмыс істей алады; 6) барлық оқушы тақтадаға берілген білімді ықыласпен меңгереді.

Интерактивті тақтамен жұмыс, шешімнің дұрыстығын ғана емес, сондай-ақ ұстанған бағыттың күшті және әлсіз жақтарын, жіберілген қателіктерді де оқушыларға көрсетіп отыратын интеллектуалды шығармашылық жүйе ретінде маңызы бар.

Дарынды балалар мектеп оқушыларының жұмыс істеу белсенділігін арттыруға және оқыту мотивациясын жетілдіруге, қызығушылығын арттыруға компьютерлік оқу ойын бағдарламаларының да орны айтарлықтай. Себебі, компьютерлік технологияны оқу үдерісінде пайдалану, компьютерлік имитация модельдеуде ал, танымдық ойын бағдарламалары оқу мотивациясын дамытудың жеке әдістері ретінде көрсетіледі. Бұл әдістермен жұмыс істей отырып, пән оқытушысы көзделген мақсатты жетері анық.

Оқытудың мұндай әдіс-тәсілдерін қолданғанда дарынды балалар қоршаған орта құбылыстарын өздігінше танып-біліп, олардың дамуын негіздейтін ғылыми тұжырымдамалардың қалыптасуына, игерілетін зандылықтардың оқушылар жасаған компьютерлік моделінің негізінде осы тұжырымдамалардың дұрыстығын тексеруіне қолайлы жағдай туады. Мұның өзі дарынды баланы шығармашылық жұмысқа бағыттай отырып, олардың шығармашылық белсенділігін арттыру, өзін-өзі бақылау мен шығармашылық жұмысты орындату арқылы оқытудың сапасын арттырып, оқуға қызығушылығын, белсенділігін дамытады.

Компьютерлік техниканың жетістіктері әр деңгейдегі оқу ақпаратын алуға, оларды өңдеуге және білім берудегі дәстүрлі оқыту әдістерін жетілдіріп, дамытып жұмыс істеуге мүмкіндігі өте жоғары.

Компьютерлік технология, жеке тұлғаның шығармашылық қызметке деген белсенділігі мен потенциалдық мүмкіндіктерінің ашылуына, дамуына, білімді өз бетінше сапалы түрде игеруіне, оқу нәтижесін өңдеуге, оқыту үдерісін автоматтандыруда маңызы зор.

Компьютерлік технологияны пайдаланып, танымдық және шығармашылық белсенділікті дамыту үдерісі былай бөлінеді: жеке тұлғаның санасы, оның қызметімен қалыптасады; – қызметінің нәтижесінде, жеке тұлға пайда болады; –оның қалыптасқан қасиеттері жеке тұлға жұмысын реттеп отыратын құрал болып табылады.

Компьютерлік технологиямен білім үйренуші көбінесе шығармашылықпен айналысып, тиімді танымдық іс-әрекетті өзі жасай алады. Сондықтан, дарынды бала оқытудың осындай жүйесінде ақпаратты немқұрайлы қабылдаушы емес, өз білімін белсенді дамытушы.

Компьютер арқылы орындалатын оқу іс-әрекеттерінің күрделілігі мен алуан түрлілігінен, оқу үдерісінде дарынды оқушыларда шығармашылық ойлау пайда болатынын анық. Оларға:

– теориялық білімдер жүйесінің негізіндегі қатынастарды табу мақсаты бойынша оқу міндеттерінің шарттарын қайталап талдау;

– қаралған қатынастарды белгі және сызбалық түрінде нобайлау;

– қатынас моделі мен оның ерекшеліктерін игеру мақсатында қайталау;

– жалпы әдіс негізіндегі тәжірибелік міндеттерді егжей-тегжейлі талдау;

– орындалған іс-әрекеттің нәтижелерін бақылау;

– берілген мәселені шешудің әдіс-тәсілдерін игеру.

Ой еңбегін қажет етуші іс-әрекеттерді орындау шарттарына сәйкес, оқытудың әдіс-тәсілдері әр түрлі. Сол себепті, бұл шарттар пәндердің мазмұнына да байланысты болып келеді.

Заманауи оқытудың көрнекі құралдары: презентациялық технология, интерактивті тақта, интернет, интранет, электрондық оқулықтар мен түрлі мультимедиялық материалдар бүгінде дарынды оқушылардың кез-келген пән бойынша терең білім алып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасайды.

Компьютерлік технологиямен оқыту әдістерінің бүгінгі таңдағы ғылыми-практикалық мәні мен маңызы – оқытудың компьютерлік технологиясының ең тиімді әдіс екендігін дәлелдеп отыр.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Жалпы орта білім. –Алматы: РОНД, 2010.-368 б.
2. Ш.Р.Ерматов. Оқушылардың зерттеушілік жіне шығармашылық белсенділіктерін дамыту. Пед.және псих. ғыл. маг. дисс. ... Шымкент, 2013. -106 б.
3. Электрондық оқулық. Мемлекеттік стандарт. Алматы, 2005.
4. С.Ә.Жолдасбекова. Түр-түстің психологиялық әсері. Алматы, 2010. 285-287-бет.
5. Мемлекеттік стандарт. Электрондық оқулық жасауға қойылатын талаптар. Астана, 2011. – Б.3-4.
6. Ерматов Ш.Р. Дарынды балаларға арналған мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту туралы // Білім. Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы. – Алматы, 2009. – №5(47), – Б.3-5.
7. Ерматов Ш.Р., Дайырбеков С.С., Бердалиев Д.Т., Беркутов Ә.Қ. Жергілікті және ауқымды желілердің ақпараттық қызметі // Материалы международной научно-практической конференции “Управление региональ-ной экономикой и подготовка специалистов: взгляд в XXI век”. – Шымкент: Академия “Ұлағат”, 2003. – С.483-485.
8. Ерматов Ш.Р. Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамытудың кейбір мәселелері // Хабаршы ҚАЗҰУ. Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы. – Алматы, 2009. – №1-2(26-27). – Б.122-126.

Summary

One of the most important tasks of the issuance of State of the Development of Education in the Republic of Kazakhstan till the year 2015 is integration of science in the conditions of heavy growth of resources of information technologies.

Information technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching. Therefore in work contemplate realization of principle of use visual methods in teaching of resource of information technologies on the basis school in the Republic of Kazakhstan.

УДК 930(574)

Сапахова А.С., Мирзамсеитова Г.Е.
ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ИСТОРИЧЕСКИЕ КОРНИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Аннотация: Данная статья посвящена национальной идеи «Мәңгілік ел», опираясь на инициативы Главы государства Н.А. Назарбаева, изложенные в его Послании народу Казахстана 2014 года «Казахстанский путь-2050: единая цель, единые интересы, единое будущее», выдвигает свои размышления об исторических корнях национальной идеи «Мәңгілік ел», о роли наших предков в обеспечении преемственности государственности на территории нашей страны: «Мы, казахстанцы, единый народ! И общая для нас судьба - это наш «Мәңгілік ел», наш достойный и великий Казахстан!»

Ключевые слова: «Мәңгілік ел», Елбасы, «Казахстан - 2050», «Нұрлы жол», национальная идея, общество, молодежь, будущее, единство.

Важнейшим событием в общественно-политической жизни нашего общества стало Послание Президента страны Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь - 2050»: единая цель, единые интересы, единое будущее», в котором Глава государства обозначил приоритетные направления развития нашей страны, а также определил программу реализации долгосрочной Стратегии «Казахстан-2050» 1.

Особенностью очередного Послания стало то, что в нем Президентом страны была сформулирована и обоснована национальная идея – «Мәңгілік Ел», которая призвана укрепить государственную идентичность Казахстана и единство его народа, а также стать фактором, мобилизующим казахстанцев на реализацию амбициозных, прорывных проектов развития страны.

В «Мәңгілік ел» определено сакральное послание всем потомкам имеющим решающее значение для будущего. Его суть заключается в том, что , оставаясь в мироздании Вселенной, необходимо укреплять единство, мир, согласие, обретать высокую духовность, развивать политический и экономический потенциал единого общеказахстанского дома - Мәңгілік Ел.

История рубежа XX-XXI веков – это путь глобальных экономических и политических потрясений. Тектонических сдвигов и изменений. Именно в это время на мировом небосклоне родилась сверхновая звезда независимого Казахстана. Все самые трудные испытания наш народ героически преодолел под лидерством Первого Президента Нурсултана Назарбаева.

Сколько было за эти годы сложных моментов, которые любого могли ввести в заблуждение, сбить с толку. Только не нашего Президента и только не наш народ! Глава государства всегда придерживается генерального направления – к вечной независимости, к вечному процветанию, в вечному народу, к Мәңгілік Ел.

Именно благодаря Нурсултану Назарбаева мы сумели обрести свою национальную идею. Сформировать этот духовный фундамент означает осознать цену независимости, определить свое место в этом мире. Цивилизационное пространство, в котором мы обитаем, и есть наш Мәңгілік Ел. Его аксиологическое значение заложено в ряде ключевых понятий.

Национальная идея выросла из основания нашей государственности. Для любого казахстанца, где бы он ни находился, благословенной землей является Мәңгілік Ел, благодатная земля, где будут жить наши потомки сто, пятьсот, тысячу лет спустя. Поэтому когда мы говорим о своей мечте - Мәңгілік Ел, то стремимся укрепить все победы независимости навечно, навсегда.

Мәңгілік Ел- это путь к завтрашнему дню, идея, которая выражает уверенность в будущем. Все осознание Казахстана XXI века измеряется этим понятием. Ведь недаром Глава государства отмечает, что нет ничего выше мечты о вечности народа.

Чтобы навсегда остаться в истории, чтобы обеспечить нам успешное будущее, необходимо не только развивать благородные традиции настоящего, но и передавать их из поколения в поколение. В нашей стране преемственность поколений произошла на стыке веков. Граждане современного Казахстана – это генерация новых людей с новыми взглядами, делами, словами, поступками. «Нұрлы жол»- это путь, который теперь открыт для всех 17 миллионов казахстанцев 2.

Национальная идея представляет собой систематизированное обобщение национального самосознания, которое определяет смысл существования народа, этноса или нации. Она необходима на каждом этапе развития государства, поскольку заключает в себе огромный потенциал интеграции общества, социализации личности и самоидентификации государства в мировом сообществе. Являясь системой концептуально оформленных идей, представлений и взглядов, национальная идея представляет собой емкую, но в то же время предельно сжатую формулу, из которой развертывается базовая идеологическая концепция, определяющая жизнь государства, общества, граждан на длительную перспективу.

Вопрос о необходимости национальной идеи для Казахстана, о ее основополагающих принципах поднимался с первых лет существования республики как суверенного государства и становился предметом многочисленных дискуссий ученых и политиков. Для Казахстана как полиэтничного и поликонфессионального государства проблема формулировки национальной идеи, разделяемой всем народом, приобретала особую актуальность. Следует заметить, что уже такие документы, как «Стратегия «Казахстан-2030», Стратегия вхождения Казахстана в число пятидесяти конкурентоспособных стран мира и т.д., в которых были сформулированы принципы перспективного развития государства и его цель, разделяемая большинством жителей страны, – обеспечение процветания Казахстана и его граждан, заложили основу для формирования национальной идеи казахстанского общества.

Однако мы не могли слепо копировать опыт других стран. Как отмечал в своих выступлениях Президент страны Н.А. Назарбаев, казахстанская национальная идея должна опираться на полиэтничность, совмещая интересы всех граждан страны, независимо от их этнической принадлежности; вобрать в себя ментальность современных казахстанцев; воплощать индивидуальность страны, ее сильные стороны и лучшие качества казахстанцев. Вместе с тем, национальная идея нашей страны должна быть построена на реальных ценностях, вытекающих из опыта казахстанского пути, выдержавшего испытание временем.

Основанием национальной идеи «Мәңгілік Ел» являются семь основных государствообразующих общенациональных ценностей.

1. Независимый Казахстан и Астана

Сегодня Казахстан обрел все атрибуты независимого, суверенного государства: признанные мировым сообществом государственные границы, полноправное членство в ООН и ведущих международных организациях. Наша страна признана авторитетным и ответственным партнером в двусторонних отношениях с большинством государств мира. За годы суверенитета создана динамичная экономика, ставшая частью глобальной и региональной экономических систем, в стране успешно реализуются масштабные стратегии и программы развития, проекты, направленные на подъём благосостояния казахстанцев. Независимость Казахстана воспринимается казахстанцами любой этнической принадлежности. Это наша общая патриотическая ценность.

Астана - одно из первых успешных достижений независимости, предмет особой патриотической гордости всех казахстанцев. Астана, возведенная всем народом, придала мощный импульс развитию всех регионов, стала локомотивом всей казахстанской экономики.

Дорожить Независимостью и любить Астану - важнейшие качества патриота и гражданина Казахстана [2].

2. Национальное единство, мир и согласие в нашем обществе

Межэтническое согласие в казахстанском обществе прочно закреплено в Конституции и законах страны. В 1995 году была создана Ассамблея народа Казахстана - уникальный институт гражданского мира и согласия, основа модели общеказахстанского единства.

Общенациональное единство и общественное согласие нашего народа, равноправие всех граждан вне зависимости от этнической, расовой, религиозной принадлежности и других различий - это устойчивый консолидирующий фактор, означающий успех и достойную жизнь всех и каждого.

Патриотический долг каждого гражданина Республики Казахстан - бережно хранить, приумножать и передавать традиции дружбы и согласия всех этносов единого народа Казахстана, социального мира в нашем обществе будущему поколению казахстанцев.

3. Светское общество и высокая духовность

Наша страна воспринимается в мировом сообществе как позитивный пример духовного мира и согласия. Светский характер государственной и общественной жизни - важнейшее условие прогресса в экономике, успешного развития национальных систем образования, здравоохранения и культуры. Вместе с тем, для казахстанцев всегда будут важны духовные начала и моральные ценности, всегда будут востребованы религиозно-культурные традиции, права каждого гражданина исповедовать определенную религию или не исповедовать никакой.

В XXI веке за Казахстаном будет закреплена миссия одного из глобальных центров диалога культур и религий.

Дух патриотизма, обновления, успеха и высокой морали, опирающейся на традиции укрепления семьи как основы общества, заботы о детях и пожилых людях, выступает основой прогрессивного развития Казахстана в XXI и последующие века.

4. Экономический рост на основе индустриализации и инноваций

Экономический рост - это наша важнейшая задача, от решения которой зависит региональная и глобальная конкурентоспособность Казахстана.

Наша главная задача - соединить производство, образование и науку, развивать инновационно-индустриальные кластеры. Поэтому в стране проводится решительная реформа научной отрасли, модернизация образовательной системы, создается новая эффективная система подготовки технических и профессиональных кадров.

Инновации плюс современная индустрия — это магистральный путь всех успешных государств в текущем столетии. Казахстан должен точно следовать этой тенденции.

Крепкая индустриальная база станет фундаментом для перехода к инновационному подъёму, позволит создать точки инновационного роста в экономике. Только на этой основе Казахстан станет конкурентоспособной экономикой, конкурентоспособным государством, конкурентоспособным обществом.

Участвовать в создании экономически крепнущего, индустриального, инновационного Казахстана - это долг настоящих патриотов Родины.

5. Общество Всеобщего Труда

Общество Всеобщего Труда — это комплекс важнейших условий для социальной занятости казахстанцев, стабильного роста доходов казахстанских семей, постоянного улучшения качества жизни, полного раскрытия творческого и жизненного потенциала всех казахстанских тружеников.

Повышение производительности труда - это великое дело всех патриотов, работающих в промышленности, сельском хозяйстве, энергетике, инфраструктурных отраслях и секторе услуг, государственном и корпоративном управлении.

Важная задача всех истинных патриотов Казахстана - заботиться об утверждении в нашем обществе социального оптимизма, основанного на ценностях инициативного, достойного, честного труда [3].

6. Общность истории, культуры и языка

История нашей родной земли насчитывает несколько тысячелетий, хранит величие деяний наших предков, содержит героические и драматические страницы.

История казахского народа - это история объединения. Только оберегая единство, казахи сохранились как народ с уникальным культурно- цивилизационным кодом, общим языком и традициями.

История призывает нас извлекать уроки, учит мудрости и выдержке, утверждает веру в силу народа, объединенного одной судьбой.

Знать, понимать и уважать историю своей страны - долг каждого патриота-казахстанца.

Общая культура - одна из главных опор единства народа Казахстана, важнейшее условие сохранения самобытности нашей страны в глобальном мире.

Казахстанская земля тысячелетиями была местом встречи и взаимодействия культур и цивилизаций. Благодаря этому создано богатое уникальное культурное наследие, которое надо беречь и развивать.

Цель, миссия и судьба государственного языка в XXI веке - стать общим языком народа Казахстана.

Долг чести каждого настоящего патриота — знать государственный язык и заботиться о том, чтобы его знали все казахстанцы, помогать овладевать им всем нашим согражданам.

В то же время важно неукоснительно обеспечивать условия для развития языков всех этносов Казахстана, внедрять принципы трехъязычия - одновременного владения казахским, русским и английским языками.

7. Национальная безопасность и глобальное участие нашей страны в решении общемировых и региональных проблем

- главная суть активной, сбалансированной, прагматичной и ответственной внешней политики нашего государства.

Первый Президент — Елбасы Н.А. Назарбаев выдвинул пять фундаментальных принципов мира G-GLOBAL в XXI веке:

- эволюция, а не революция;
- справедливость, равенство, консенсус;
- глобальная толерантность и доверие;
- глобальная транспарентность;
- конструктивная многополярность [4].

Это содержательная основа для развития масштабного сотрудничества и взаимодействия Казахстана с другими странами, участия страны в интеграционных проектах, работе по укреплению региональной и глобальной безопасности.

Принципы G-GLOBAL – непреходящая ценность для настоящего и будущих поколений казахстанцев. В XXI веке создание прочных условий для национальной безопасности немыслимо вне системы региональных и международных отношений.

Важно отметить, что краеугольным камнем сформулированной Президентом страны Н.А. Назарбаевым национальной идеи «Мәңгілік ел» является признание того, что за годы суверенитета в полиэтничном Казахстане сформировалась надэтническая общность – народ Казахстана, казахстанцы, которая обладает единой системой ценностей, общей историей, общей судьбой и связана единой целью. Национальная идея «Мәңгілік ел» позволяет утверждать, что сегодня у казахстанцев есть цель, которая их объединяет: строительство общего дома - Республики Казахстан, в котором царят благополучие и достаток, согласие и дружба.

Литература

1. Послание Главы государства Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» // Казахстанская правда, 2014, 18 января.
2. Назарбаев Н.А. Астана - великая эпоха и стратегический вектор Казахстана // Казахстанская правда, 2013, 6 июля.
3. «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» // Казахстанская правда, 2012, 10 июля.
4. Назарбаев Н.А. Пять принципов G-Global. V Астанинский экономический форум. Интернет ресурс: //www.bnews.kz

Түйін

Бұл мақалада «Мәңгілік Ел – қазақ халқының ұлттық идеясы» туралы және жүзеге асыру мүмкіндіктері көрсетілген. Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы мен тәрбие саласындағы маңызды роль атқаратын жолдары аталған.

Summary

“Mangilik El – Kazakh people national idea” and the implementation of the features is showed in this article. Mangilik El – Kazakhstan share of home and education in the field of the national idea how to play an important role in it.

ӘОЖ 81:004.087

Спатаев Б.О., Насыров Ш.Н., Кожанов С.Н.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫМЕН ОҚЫТУ

Қазақстан Республикасы Ата заңымыздың VI тарауы 27 бабында шет мемлекеттермен екі жақты халықаралық шарттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде және тараптардың келісуі бойынша өзге де тілдерде жасалады делінгендіктен біз қазіргі таңда шетел тілдерін үйретудеміз.

Бұрын ағылшын тіліндегі электронды оқу-бағдарламаларын кітап дүкендерінен видео-кассеталарын, DVD дискілерін қымбат бағаға сатып алып қолданушы едік. Ал қазіргі таңда ағылшын тіліндегі электронды оқу-бағдарламаларын ұялы телефоннан тегін алып қолдана беретін уақытқа жеттік. Бізге қазір ағылшын тілін оқытуғанемесе үйренуге қызығушылықпен әрекет болса болғаны.

Ағылшын тілін ұялы телефондағы оқу бағдарламалармен үйрену ағылшын тілін өзбетімен үйренушілер үшінде, студенттер үшінде өте қолайлы, пайдалы және еңбастысы студенттер үшін де, үйренушілер үшінде қызықты. Өте қолайлы деуіміздің себебі ұялы телефондағы бағдарламалармен студенттер кезкелген жерде оқып үйрене алады. Мысалы бұл бағдарламалармен студент оқу орнына баражатқанда немесе келер жолында, автобустың ішінде отырғанда, сабақ арасындағы қоңырауларда, әрине үйде жатар алдында ұялы телефондарын қосып үйрене алады. Бұл бағдарламаларды **PLAY MARKET**-тен **ENGLISH** сөзіне байланысты бағдарламаларды тартып үйрене беруіне болады.

Біз қазіргі таңда әріптестерімізбен бірге мына бағдарламаларды қолданып жүрміз; EnglishWlingua, English Grammar Test, Intriga English Teacher, Top 100 Essay, Fun Easy Learn English, LinguaLeo, English audio books, Toeic Training, IELTS, TOEFL, English study, Prepositons lite, Learn English community, Check pronunciation, Speak English Daily, English grammar Ultimate және т.б. ағылшын тілін үйренемін деушілерге көп осындай бағдарламалар бар.

Біз **English Wlingua** бағдарламасымен көптеген ағылшын тіліндегі жаңа сөздердің аудармасымен оқылу ережелерін көріп, студенттерге үйретудеміз. Бұл бағдарлама біздің ойымызша үйренушінің сөздік қорын, тыңдау қабілетін дамытады. Және де грамматикалық ережелерді үйретеді.

English grammar test бағдарламасы ағылшынтіліндегі word woder, article, tenses, voices, verbs, pronouns, adjectives, adverbs, clauses, prepositions, conditionals бөлімдерін ағылшын тілін үйренуге жетерлікті ақпараттар берген. Бұл бағдарламаның жаттығуларын өзіннің біліміңді сынау үшін жасап, аз жинаған жағдайда қайта жасап көре беруге де болады.

Intriga English Teacher бағдарламасымен студент сөйлемдерді аударумен үйренеді. Егер бұрыс аударған жағдайда бұрыс деп әр сөйлемнен кейін нәтижесін көрсетіп отырып қайта дұрыс аударған жағдайға дейін өзін сынап көре алады. Ағылшын тілінде аудармамен жаттығу жасау ағылшын тілін үйренуге көп көмегін тигізеді. Бұл аудармамен студент грамматикалық ережелерді де меңгеріп отырады. Жалпы жоғарыдағы бағдарламалардың барлығын ағылшын тіліне қызығушыларға оқып үйренулеріне ұсынамыз.

Top 100 Essay бағдарламасымен студенттер өздерінің тыңдау қабілеттерін дамытады. Бұл бағдарлама жалғастырушы деңгейдегі үйренушілерге арналған. Бұл бағдарламада ұялы телефонның экраннында мәтін көрсетіп тұрады, сол мәтінді ұялы телефон оқиды, ал мәтінге қарап қалай жаңа сөздердің, мәтіннің қалай оқылуын көріп, тыңдап отырады. Бұл тыңдау бағдарламасы келешекте магистратураға, докторантураға түсу кезінде және шетелге оқуға түсу кездерінде өте керек болады.

Fun Easy Learn Englishбағдарламасы бастапқы деңгейдегі үйренушілерге арналған. Бұл бағдарлама ішінде өмірдегі барлық сала бойынша сөздер бар. Бағдарламадағы сөздерді жаттығудың тыңдау, жазу, табу түрлерімен есте сақтап және келешекте қолданамыз.

Бұл бағдаламада тақырыпқа сай жаттығудың суретке қарап аудармасын табу, тыңдап табу, тыңдап жазу арқылы табу түрлері де қарастырылған.

Talk English standard бағдарламасында келесідей тақырыптарға толық және жақсы ережелер берілген.

English Speaking Basics I (29lessons)
English Speaking Basics II(30lessons)
English Speaking Basics III(30lessons)
Regular English Lessons(54lessons)
Business English Lessons (56)
Interview English Lessons (circle100)
Travel English lessons(35lessons)
Idioms and Phrases (150lessons)
Listening Lessons(102lessons)
Extra English Lessons(58lessons)

English Grammar бағдарламасындаағылшын тілінің грамматикалық ережелерінің қырық үш тақырып бар. Әр тақырыпты толық ережелермен түсіндірген. Ағылшын тіліндегі оқулықтарда кездесе бермейтін ережелері берілген.

English Idioms and Phrases бағдарламасында идиом мен фразалардың 3500 –ге жуық оқулықтарға шығақоймаған нұсқалары берілген. Мұнда фразалардың мағынасын сөйлемдермен берген. Фразалар көптеген жаттығулармен тесттерде берілген. Бұл фразаларды оқу арқылы жақсы жетістіктерге жетеміз.

Ал ағылшын тіліне қызығушылығы бар үйренушілерге жоғарыдағы оқу-бағдарламаларды тұрақты түрде үш ай қолданса жақсы нәтиже береді деп айталамыз. Өйткені барлық бағдарламаның ішінде қызықты ақпараттар, жаттығулар, ойындар берілген. Қызықты жаттығуларды қолдана отырып көп мәліметтерді есте сақтап қаламыз.

Қолданылған электронды оқу – бағдарламалары:

1.EnglishWlingua
2. English Grammar Test
3. Intriga English Teacher
4.Top 100 Essay
5.Fun Easy Learn English
6.LinguaLeo
7.English audio books
8.Toeic Training
9.IELTS
10.TOEFL

Summary

Studying of using electronic programmein mobile phones is considered in this article

Резюме

В этой статье рассматривается обучение использованияэлектронных программ в мобильных телефонах.

ӘОЖ 351.382.

Умирбекова С.К.
С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебі, Арыс қаласы

ФИЗИКА САБАҒЫНДАҒЫ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ КЕПІЛІ

Аңдатпа: Оқыту әдісі оқушыны оқып білім алуға ынталандырып, көтермелеп отыруға, яғни қызығушылығын туғызуы, бекітуі, күшейтуі және дамытуы керек. Бойында айқын көріністі доминантасымен сипатталған кең ауқымды шығармашылық қызығушылығы бар оқушылар әр түрлі сабақтарда ынталылық танытып, қуана жұмыс істейді, жоғары шығармашылық белсенділік көрсетіп, білімдерін толықтыруға, яғни қосымша білім іздеуге ұмтылады. Оқу пәніне қызығушылық – оқу жұмысының табысты өтуін қамтамасыз ететін эмоциялық іс-әрекеті. Дәл осы себептен оқу әрекетін ұйымдастырудың тәсілі ретінде оқыту әдістері оқушылардың танымдық және шығармашылық қызығушылықтарын арттырып отыру керек. Оқушылардың оқу пәніне қызығушылығы оның шығармашылық белсенділігінің алғы шарты ретінде қарастырылады. Сонымен, аталған мәселелерді жүзеге асырудың тиімді әдістерінің бірі – оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру.

Өзіндік жұмыс – жеке тұлғаның белсенділігінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Мектеп оқушыларының дайындығы төмен болғандықтан мектеп оқушыларынан талап ететін нәрсе – оқу еңбегін ұйымдастыру арқылы оқушыларды өзіндік жұмыс әдістеріне үйрету. Оқу үдерісінде оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырудың негізгі құралы өзіндік жұмыс және ол олардың шығармашылық іс-әрекетін жандандыруда ерекше орын алады. Бұл жағдай оларды оқуға үйретіп қана қоймай, алдағы еңбек жолында тұрақты кәсіби өсу үшін жағдай да жасайды. Бұл мәселені шешудің күрделілігі оқу үдерісін әрдайым жетілдіріп отыруды, оқушылардың өзіндік жұмысын ғылыми негізге салуды талап етеді. Сондықтан, оқушыларда шығармашылық іс-әрекеттерінде біртіндеп ішкі факторлар үлкен маңызға айналады. Өзіндік жұмысты сабақ жүргізудің, ұйымдастырудың формасы, оқыту әдісі ғана емес, ол оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке тарту, қызықтыру құралы деп есептеуге болады. Сол себепті, оқушылардың шығармашылық іс-әрекеті олардың шығармашылық белсенділігін қалыптастырудың ең тиімді жолы. Оқушыларда шығармашылық белсенділікті дамыту өз бетімен жұмыс істеу жүйесін қолданған кезде іске асады деп санаймыз.

Кілттік сөздер: педагогика, мектеп, ақпараттық технология, әдіс, әдістеме, оқыту, үлес

Оқу материалының мазмұнына талдау жасап, оның баяндалу сипатын (суреттеу, теориялық, эксперименттік) қиындық және жаңалық дәрежесін оқыту әдісін таңдамас бұрын анықтап алу керек. Сонымен бірге, зерттелетін мәселе жөнінде дарынды оқушының тірек білімдері болмаса, оны ол мәселені дербес шешуге тартудың ешқандай пайдасы жоқ. Себебі, оқушының бұл мәселені шешуге шамасы келмейді. Сол себепті, жоғарыда айтылған қағида орындалуы керек, яғни оқушыға біліміне сәйкес өз бетінше орындай алатын деңгейлік тапсырмалар жүктелуі керек.

Жұмыстың жаңа формалары мен әдістерін енгізу оқу үдерісін тиімді жүргізуге көмектеседі, себебі, дарынды балалар мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру әдістерінің көптүрлілігі мұғалімдерге ең оңтайлысын таңдап алуға мүмкіндік береді. Әдіскер ғалымдардың пікірінше, оқыту әдістерінің көптүрлілігі ғана, оқыту үдерісінің толық дәрежелі нәтижесіне қол жеткізуге мүмкіндік береді екен [1-10]. Оқыту үдерісінде дарынды балалар мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту мен тәрбиелеу олардың білімге деген қызығушылығы, қажетсінуі болғанда жүзеге асады. Яғни, білімге қызығушылық жеке әдістемелік міндеттерді шешуге ғана жәрдемдесіп қоймай (заңдарды тұжырымдауға және қолдануға үйрену, сызбалар сызу, есеп шығару т.с.с), оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге ықпал еткенде ғана, ол қызығушылық шығармашылық белсенділікке ауысады. Сондықтан, әрбір оқытушы сабағын тартымды өткіземін десе, ол көрнекі мысалдар, тиімді тәжірибелерді жүргізумен шектелмей, пайдаланатын педагогикалық құралдар сабақ үдерісінде алға қойылған мақсаттардың оқушының жеке мақсатына айналуына және олардың бойында сол мақсаттарды жүзеге асыруға деген қажеттілік туғызуға қызмет етуі керек. Міне осы жағдайда ғана дарынды оқушының білімге қызығушылығы оқытушы қолданған педагогикалық құралдармен үйлесімді нағыз сабаққа ауысады. Осыдан бастап, оқыту әдістерін шығармашылық қызығушылықпен орайлас, іліктес қарастыру қажеттілігі пайда болады. Физика пәнін оқытуда компьютерлік технологияларды пайдаланудың төмендегідей әдістері қолданылады:

– физикалық үдерістерді модельдеуге мүмкіндік беретін (CD дисктерде жазылған) дайын бағдарламалар пакетін пайдалану;

– ауқымды желіге еркін ене отырып қолдануға болатын, кез-келген физикалық үдерісті модельдеп, жоғары сапалы деңгейде орындауға мүмкіндігі бар «Online физикадан лабораториялар» атты виртуальді модельдеуші ортаны пайдалану;

– оқытушының және оқушылардың өздері дайындаған бағдарламалары немесе модельдері.

Өз бетімен жұмыс істеу жүйесін құру кезінде оқу үдерісінің барлық кезінде қол жетерлік, жүйелілік, теория мен практиканың байланысы, шығармашылық, белсенділік ұстанымдарын басшылыққа алу керек. Сонымен бірге, өзіндік жұмысты сабақ жүргізудің, ұйымдастырудың формасы, оқыту әдісі ғана емес, ол оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке тарту, қызықтыру құралы деп есептеген. Сондықтан, оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін, олардың шығармашылық белсенділігін арттырудың ең тиімді жолы деуімізге болады. Шығармашылық белсенділікті арттырудағы өз бетімен жұмыс істеудің ерекшеліктері оқушының оны орындауға арналған дайындық деңгейіне байланысты болады. Оқушының өз бетімен есепті шығару деңгейін бағалау үшін біз зерттеу жұмысын жүргіздік. Біздің зерттеудің нәтижесі қазіргі білім беру жүйесіндегі оқушылардың білім, білік және дағдыларында кездесетін негізгі кемшіліктер мектептердегі білім беру, олардың өзіндік жұмыс жасау біліктерінің төмендігінен деген қорытынды жасауға тіреп отыр. Осы деректерді көре отырып, біз дарынды балалар мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігінің даму деңгейінің төмен екенін байқадық. Бұлай деуге негіз, теориялық тұрғыдан алғанда оқу үдерісін дамытатын кез-келген мәселені шешу арнайы ұйымдастырылған өзіндік жұмысынсыз жүзеге аспайтындығымен түсіндіріледі. Олар өз бетімен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін аз біледі екен, себебі, олардың ақыл-ой әрекеттері толық қалыптаспаған. Мұның өзі оқушылардың өзін-өзі бақылау дағдысының қалыптаспағанын көрсетеді. Оқушылардың өзіндік жұмысын зерттеумен айналысқан авторлар, оның негізгі қызметі оқушылардың жеке тұлға ретіндегі қасиеттерін, шығармашылығын дамытып қана қоймай, олардың шығармашылық белсенділігін жоғарғы деңгейіне көтеру деп санаймыз. Сондықтан мектеп мұғалімдерінен талап етілетін нәрсе – оқу еңбегін ұйымдастыру арқылы оқушыларды өзіндік жұмыс әдістеріне үйрету. Бұл саладағы көптеген зерттеулер өзіндік жұмысты жоспарлауда көлем бойынша да, уақыт бойынша да белгілі бір жүйелік жоқтығына оқу үдерісінің осы түрі пайдасы жағынан төмен коэффициентіне ие екеніне кепілдік береді. Өзіндік жұмысты ұйымдастыруды жыл бойы әр пәнді игеру үшін қажет уақытты анықтаудан бастайды, ол үшін материалды игерудің қажетті деңгейі мен жоспарланған сағаттарын да есепке алады.

Физика пәнін оқытуда өзіндік жұмыс жеке-жеке жүргізіледі, сондықтан да оның мағынасы, көлемі, өнімділігі әр сынып оқушылары үшін бірдей емес. Кей жағдайларда оқушылардың қабілетіне, оның дайындық дәрежесіне қарай өз бетімен білім алу, өзіндік және шығармашылық жұмыс басты болып табылады. Физика мұғалімі сабақ кезінде оқушыларды іс-әрекетке бағыттап, дайындауы керек. Мәселен, толқындық оптиканың әр тарауын өткен кезде, олардың алған білімдерінің дәрежесін көтеру және бекіту үшін оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру маңызы өте зор. Толқындық оптика бөлімі бойынша мынадай тараулардан: “интерференция”, “дифракция”, “поляризация” өзіндік жұмыстардың үлгісін деңгейлерге бөліп беруге болады. Соның ішінде біз дисперсия тарауынан дайындалған өзіндік жұмыстың үлгісін келтіріп отырмыз.

Төменгі деңгейге:

1. Төменде көрсетілген тұжырымдардың қайсысы дисперсия ұғымын білдіреді?

А) Толқынның кедергіні орағытып өтуі.

Б) Когерентті толқындардың беттесуі;

С) Сынған кездегі жарықтың спектрге жіктелуі;

2. Бақыланатын құбылыстардың қайсысы жарық дисперсиясы арқылы түсіндіріледі?

А) Кемпірқосақ;

Б) Қыздыру шамының жарық шығаруы;

С) Сабын көпіршігінің түрлі түске боялуы.

3. Вакуумдағы қызыл және күлгін сәулелердің таралу жылдамдықтарын салыстыр.

А) $v_к < v_к$ Б) $v_к > v_к$ С) $v_к = v_к$

4. Жарық ауадан суға өткенде жасыл сәуленің жиілігі қалай өзгереді?

А)өзгермейді. Б)кемиді; С)артады;

Орташа деңгейге:

1. Бақылаушы шыны призма арқылы ақ қағаздағы қара сызықты бақылайды, ол нені көреді?

2. Қызыл фондағы ақ жазуды жасыл жарықпен жарықтандырсақ, ол қалай көрінеді?

3. Қызыл жарықтың судағы толқын ұзындығы 526 нм-ге тең. Бұл жарықтың ауадағы толқын ұзындығы қандай? Жауабы: 700 нм.

4. Натрийдің сары жарығының судағы толқын ұзындығы 442 нм, ал вакуумдағысы 590 нм. Осы жарық үшін судың сыну көрсеткіші неге тең? Жауабы: 1,33.

Жоғары (шығармашылық)деңгейге:

1. А) Су жасыл жарықпен жарықталынған, оның шынидағы толқын ұзындығы 0,5 мкм. Судағы толқын ұзындығы қандай болады? Судың астында көзімізді ашсақ, қандай түсті көреміз? Жауабы: 380 нм.

Б) Қызыл жарықтың судағы сыну көрсеткіші 1,326, ал күлгін жарық үшін ол 1,344. Судағы жарық жылдамдығы қай түстегі сәулелер үшін үлкен және неше есе? Жауабы: қызыл жарық үшін 1,01 есе.

2. А) Спектрдің қызыл және жасыл бөлігінің толқындары Жер және Күн атмосфераларының шекараларына бірдей жылдамдықтармен өтеді ме?

Б) Жарық ауадан шыныға өткенде жылдамдығы, толқын ұзындығы, тербеліс жиілігі өзгере ме? Қалай?

3. А) Электр шамының экрандағы жарық шығару спектрін алғанда, оны реостаттың көмегімен біртіндеп қыздырады. Бұл кезде экранда қандай өзгеріс байқалады?

Б) Жасыл жарық ауадан суға өткенде, толқын ұзындығы кемиді. Судың ішіндегі адам бұл жарықты қандай түсте қабылдайды?

Сонымен, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін компьютерлік технология арқылы дамыту – өзіндік жұмысты ұйымдастыру негізінде жүзеге асырылады.

Оқушы өзінің шығармашылық әрекетін жоспарлай алуы және ұйымдастыра білуі үшін:

– шығармашылық әрекеттің құрылымы және ерекшеліктері негізінде оны кезеңдерге бөліп жоспарлауы және жүзеге асыруы;

– өзінің шығармашылық әрекетінің мазмұнына талдау жасауы және оның құрылымдық бөліктерін бөліп көрсетуі;

– оқу материалының мазмұнын іріктеп алу;

– өзінің өзіндік шығармашылық жұмысын тиімді ұйымдастыру керек.

Дарынды оқушы шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыра білуі үшін:

– ақыл-ой қызметін қалыптастыратын тәсілдерді меңгере және қолдана білуі (талдау, бақылау, суреттеу, анализ, синтез, салыстыру, жалпылау және рефлекцияны дамыту);

– берілген тапсырмаларды түсініп, қойылған іс-әрекеттерді орындай білуі керек.

Дарынды оқушы өзінің шығармашылық әрекетін бақылау, бағалай білуі үшін:

– өзінің шығармашылық іс-әрекетінің жоспарланған нәтижелерін бақылау;

– өзіндік бақылауды жүргізу жағдайларын талдау, бақылау, және бағалау;

– өзінің саналы және мақсатқа сай бақылай алуы, өзінің шығармашылық ұйымдастыруының және бақылауының қимыл-әрекетін орынды бағалауы, есептеп және бақылап отыруы;

– берілген мақсаттың нәтижелерін жұмыс барысында қол жеткен нәтижелерін салыстыру арқылы өзгерген жағдайдағы өтіп жатқан өзінің шығармашылық әрекетін бақылап, бағалап отыруы;

– өзінің шығармашылық әрекетін жүзеге асыратын технологияны орынды бағалау, бақылау керек.

Дарынды оқушы өзінің шығармашылық әрекетін реттеп түзету және жетілдіру үшін:

– жіберілген қателерін және олардың себептеріне талдау жасау;

– жіберілген қателерді жөндеу жолдарын анықтау;

– нақты оқу жағдайында өзінің оқу және жеке мүмкіндіктерімен, өзіндік жұмыспен, өзіндік бақылау ерекшеліктері негізінде шығармашылық әрекетін жөндеу, реттеу керек.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың шарттарының мазмұны, оқушының білімі мен дағдыларына сүйеніп, қойылған мақсатқа сәйкес жүзеге асырылатын іс-әрекеттер жүйесінен тұрады. Себебі, өзіндік жұмысты ұйымдастырудың шарттары дамудың белгілі бір кезеңінде тек өзіне ғана тән қызметті атқарады.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың мақсаты, дарынды оқушылардың теориялық білімді терең игеруге, оның көмегімен өз білімін тұрақты түрде толықтырып және жаңартып отыруды қажетсінуді әдетке айналдыруды және ойлау әрекетін дамытып, өзіндік жұмысты орындаудың тиімді әдіс-тәсілдерін игеруге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманда дүниенің даму динамикасы күрт өзгеріп, соның нәтижесінде адамдар тұлғалық бедерінен айырылғандай күй кешуде. Мұндай жағдайда адамға көмектесудің бірден-бір жолы – өзіндік тануын дамыту, өзін мойындау, өзінің түсіну қабілетін ашу, өзгермелі дүниеде өз мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге үйрету.

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық тұжырымдамасының басты мақсаты – баланың өзіндік еркін дамуына

педагогтің кәсіби көмек көрсетуі болып табылады. Бірақ, қандай да бір дарынды педагог болғанымен оқушы тұлғасын дәл өзі ойлағандай етіп қалыптастырып шығара алмайды. Бұдан шығатын қорытынды: мұғалімнің басты мұраты оқушының белсенді және шығармашылықпен өзіндік әрекетіне жол ашу, өзін дамыту, өзін көкейкестілендіру, өзін бағалауын жеткілікті қамтамасыз ететін қажетті жағдайларды жасау және оны сақтау, яғни өзіндік дамуына түрткі болу, ояту қойылғаны жөн. Оқу-шығармашылық тапсырмалар мен есептер жүйесі оқушының білім алу үдерісін құруға екі жағынан келуге мүмкіндік береді. Оның бірі – тапсырмалар мен есептер жүйесі болса, екіншісі – оқытудың мазмұнымен байланысты. Осы ұстанымдарға орай дарынды балалар мектеп оқушыларының өзіндік жұмысын ұйымдастыруға қажетті оқыту мазмұнын құрастыру, арнайы жасалынған оқу-шығармашылық есептер мен жаттығулар жүйесімен, демек оларды шешуге қажетті тұлғаның білім, білік сапаларының кешенімен анықталды. Бұдан оқыту үдерісі барысында оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың басты құралы ретінде дидактикалық, яғни оқу-шығармашылық тапсырмаларды пайдалану орынды деген қорытынды шығады.

Көптеген ғалымдар оқытушы мен оқушы арасындағы өзіндік жұмысқа қатысты қарым-қатынаста оқытушы рөлінің басымырақ екендігіне көңіл бөлді. Оқытушы аталмыш жұмысты басқарады, оны жоспарлайды, мазмұнын таңдайды, түрлі тапсырмалар құрастырады, сценарийін жасайды. Өзіндік жұмысты орындау барысында оқытушы оқушыға бағыт бере отырып, оның іскерлігін арттыруға зор үлесін қосуы тиіс. Сондықтан да оқушылардың өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастырудың маңызы ерекше, үлкен жауапкершілік мұғалімге жүктеледі, оңтайлы ұйымдастырылған іске сонда ғана оқушы саналы түрде қарайды, нәтижесінде оқушының шығармашылық белсенділігі дамиды. Сол себепті зерттеуші ғалымдар өзіндік жұмыстың тиімділігін арттыратын шарттардың бірі – ұйымдастыру, ал екіншісі – әдістемелік жағы деген тоқтамға келді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Жалпы орта білім. –Алматы: РОНД, 2010.-368 б.
2. Ш.Р.Ерматов. Оқушылардың зерттеушілік жіне шығармашылық белсенділіктерін дамыту. Пед.және псих. ғыл. маг. дисс. ... Шымкент, 2013. -106 б.
3. Электрондық оқулық. Мемлекеттік стандарт. Алматы, 2005.
4. Мырзабаев А.Б. Оқушылар шығармашылығын дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері // п.ғ.к. ғ.д.автореф. – Қарағанды, 2004. 30 б.
5. Тұрғынбаева Б.А. Оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту: п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 1998. – 148 б.
6. Сағидуллақызы Ә. Шығармашылық жұмыстарды жүргізу жолдары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2006. – №6. – Б.89-91.
7. Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: дис. ...докт. пед. наук: – Алматы, 1995. – 314 с.
8. Мырзабаев А.Б. Оқушылар шығармашылығын дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері // п.ғ.к. ғ.д.автореф. – Қарағанды, 2004. 30 б.

Abstract

One of the most important tasks of the issuance of State of the Development of Education in the Republic of Kazakhstan till the year 2015 is integration of science in the conditions of heavy growth of resources of information technologies.

Information technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching. Therefore in work contemplate realization of principle of use visual methods in teaching of resource of information technologies on the basis school in the Republic of Kazakhstan.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ТІРШІЛІК ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, НАУКИ О ЖИЗНИ

ӘОЖ 616.12-041.665.9-712.2

Абдраимова С.Е., Тулебекова Д.М.
ОҚМФА, Шымкент, Орталық аудандық емхана, ЮҚО, Шардара ауданы

КАРДИОЛОГИЯЛЫҚ НАУҚАСТАРДА АЦЕТИЛСАЛИЦИЛ ҚЫШҚЫЛЫН ЖӘНЕ КЛОПИДОГРЕЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа: Тұрақты атеротромбоз көрсеткіштерімен науқастарда жүрек қан тамырлары ауруларының алғашқы профилактикасы және антитромбоцитарлы терапия қауіпсіздігінің сауалдары үшін ацетилсалицил қышқылын және клопидогрелді қолданудың мүмкіндігін қарастыру.

Кілттік сөздер: ацетилсалицил қышқылы, клопидогрел, алғашқы профилактика, қауіпсіздік, асқазан іше қан кетуі.

Көптеген жүрек-қан тамырлары аурулар патогенезінің негізі ретінде атеротромбозды мойындап және тромб түзулуінің молекуларлық механизмдерін зерттеудегі сәттіліктер антитробоцитарлы терапияның дамуына және жаңа препараттардың пайда болуына әсерін тигізді. Клиникалық тәжірибеде кең қолданылтын және кең зерттелген антитромбоцитарлы препараттардың ішінде қазіргі таңда ацетилсалицил қышқылы (АСҚ) және клопидогрел болып табылады.

Соңғы жылдары жаңа антиагреганттардың пайда болғанына қарамастан АСҚ антитромбоцитарлы терапияның «алтын» стандарты болып тұр. АСҚ-ның антитромбоцитарлық әсері негізінде тромбоциттердің циклооксигеназа ферментін қайтымсыз ингибирлеу қабылеті жатыр.

Клоподигрел химиялық құрамы бойынша тиенопиридиндерге жатады. Клопидогрелдің антитромобоцитарлық әсері АСК-ға қарағанда біршама ерекшеленеді және аденилатициклаздық механизмді ынталандыруын жою және осыған байланысты тромбоциттердің агрегациясын күшейтуге бағытталған сигналды тежеуге алып келетін тромбоциттердің P_2Y_{12} – рецепторларын селективті және қайтымсыз ингибирлеуде жатыр. АСҚ және клоподигрелді бір мезгілде қолданғанда коллагенмен индуцирленген тромобоциттердің агрегациясының туындауымен екі препараттар арасындағы сенергизмге негізделген антитробоцитарлық әсер жоғарылай түседі.

АСҚ клоподигрелге қарағанда жақсы зерттелген, сондықтан оның кардиологияда қолданудың спектрі біршама жоғары болып табылады. Европалық, американдық және ресей медицина қоғамдастының ұсыныстарына сәйкес кардиологиялық ауруларда АСҚ шектеусіз ұзақ мерзімді қабылдауға болады. Түрлі ұсыныстарда бір және сол ауруларға түрлі АСҚ мөлшерін қолдану ұсынылады, бірақ АСҚ кіші мөлшерлер минималды тиімді болып табылады. Клоподигрел негізінен АСҚ-мен бірге қолдануға болады, өйткені ірі біршама зерттеулерде көрсетілгендей АСҚ клопидогрелді қосу осы жағдайларда АСҚ монотерапиясының тиімділігі бойынша бірінші орынға шығады. Клоподигрелмен монотерапия АСҚ монотерапия альтернативі ретінде артериялардың атеросклеротикалық зақымдалуында ұсынылады және ми қан айналымының бұзылуын бастан кешірген науқастарды екіншілік профилактика құралдары ретінде қолдану ұсынылған. Барлық қалған жағдайларда монотерапия клоподигрелмен АСҚ сіңіре алғанда мүмкін болып табылады.

Клоподигрел және АСҚ бірге миокард инфарктісінде, тұрақсыз стенокардия, тері арқылы коронарлық араласуға ұшыраған науқастарда қолдануға болады, өйткені ірі біршама зерттеулерде көрсетілгендей АСҚ клопидогрелді қосу осы жағдайларда АСҚ монотерапиясының тиімділігі бойынша бірінші орынға шығады. Клоподигрелмен монотерапия АСК монотерапия альтернативі ретінде төменгі бөліктерде артерияның атеросклеротикалық зақысдалуында

ұсынылады және жіті ми қан айналымының бұзылуын бастан кешірген науқастарды екіншілік профилактика құралдары ретінде қолдану ұсынылған.

Ацетилсалицил қышқылы - жүрек-қан тамыр аурулуарды алғашқы профилактика үшін ұсынылған жалғыз антиромбоцитарлық препарат. Қолайсыз жүрек-қан тамыр аурулуарының оқиғалар қауіпінің төмендуі миокард инфарктісі қаупін төмендету арқылы жеткізілді. АСК терапиясы тәжірибе жүзінде инсульттің жалпы санына әсер етпейді, бірақ ишемиялық инсульт қаупін төмендетті. Метаанализ көрсеткендей, АСҚ-ның қабыладу әр 1000 ер адам ішінде шамамен 8 миокард инфарктісі жағдайын және әр 1000 әйел адам ішінде шамамен 2 ишемиялық инсульт жағдайын болдырмайды.

Сонымен қатар, артериалды гипертониямен зардап шегетін науқастарда гипотензивті терапиямен қатар АСҚ-ын аз мөлшерде (75 мг/тәулігіне) қабылдау жақсы әсерін берген. Мысалы, АСК қолдану фонында миокард инфарктісінің даму қаупі төмендеуі 36% құраса, жүрек-қан тамырлар ауруларының асқыну қауіпі 15% құрап отыр. Кейбір науқастарда АСҚ-ын қолдану пайдасы геморрагиялық асқынулар қаупінен жоғары болды. Қолайсыз жүрек-қан тамыр аурулуарының қауіпі қан сары суындағы креатинин деңгейі ≥115 мкмоль/л тең артериалдық гипертензиямен ауыратын науқстарда 45% төмен болған, бастапқы систоликалық АҚҚ >180 мм с.б. 20% төмен болған, бастапқы диастолалық АҚҚ ≥107 мм с.б. 29% төмен болған, SCORE шкаласы бойынша жүрек-қан тамыр аурулуар қауіпі ≥ 10% науқастарда 22% төмен болған. Әсіресе АСҚ қолднау терапияның жоғары нәтижесі жүрек-қан тамырлар ауруларының асқынулары жоғары және өте жоғары қауіпі бар науқастарда байқалды. Осы нәтижелерге сүйеніп қан сары суындағы креатининнің жоғары деңгейі артериалдық гипертензиямен ауыратын науқстар мен жүрек-қан тамырлар ауруларының асқынулары жоғары және өте жоғары қауіпі бар науқастарға АСҚ-ын аз мөлшерде (75 мг/тәулігіне) қабылдауын сарапшылар ұсынады. Бірнеше зерттеулер нәтижесі бойынша толықтай клопидогрелмен монотерапия жоғары қауіпті науқастарда әсіресе атеросклеротикалық ауруы бар жағдайда миокарды алдын алуда клопидогрелдің АСҚ-ға қарағанда жақсы алдын алатынынын көрсетті. Зерттеулер нәтижелері бойынша тұрақты атеросклерозы бар науқастарда (ЖИА, цереброваскулярлы ауру, аяқтың атеросклерозы) АСҚ және клопидогрелді бірге пайдалану үлкен қанағулардың қауіп қатерін төмендетеді.

Антитромбоцитарлы терапияның негізгі жанама әсерінің бірі - асқазан-ішек жолдарының жағымсыз әсер етуі болып табылады, диспепсиялық симптомдардан бастап, қан кетуге, тіпті фатальдық жағдайларға да әкелуі мүмкін. Антитромбоцитарлық препараттар механизмінің әсерінің түрлілігіне қарамастан, АСҚ-на да, клопидогрелге де бұл жанама әсері тән. Жағымсыз әсерлерді алдын алу жағдайына және асқазан шырышты қабатының қорғау қызметінің қызметін бұзып алмау жағдайында ұзақ уакыт препарат қабылдап жүргенде емдеу жақсы өткізу үшін АСҚ-ның ішекте сіңуші және буферлі «қорғалған» түрін қолдану қажет. АСҚ-ның буферлі түрінің үлгісі ретінде сіңірілмейтін магнийдің гидроксид антациді Кардиомагнил препаратын қарастыруға болады. Гидроксид магнийі антитромбоцитарлық әсерді төмендетпей асқазанның шырышты қабатын жағымсыз әсерлерден қорғап қалуға мүмкіндік береді.

Сонымен, АСҚ және клопидогрел кардиология саласында қолданатын нәтижелі антитромбоцитарлық препараттар болып табылады. Соңғы жылдары жаңа антиагреганттардың пайда болғанына қарамастан, АСҚ сұранысқа ие болып, антитромбоцитарлы терапияда өзінің «алтын» стандарты орнын сақтап қалуда.

Әдебиеттер

1. Баркаган З.С., Котовщикова Е.Ф. Сравнительный анализ основных и побочных эффектов различных форм ацетисалициловой кислоты. Клиническая фармакология терапия. 2014, №13.
2. Антитромботическая терапия у больных со стабильными проявлениями атеротромбоза.. Кардиоваскулярная терапия и профилактика. 2009.
3. Верткин А.Л., Аристархова О.Ю., Адонина Е.В. Безопасность и фармакоэкономическая эффективность применения различных препаратов ацетисалициловой кислоты. Российский Медицинский журнал, 2009.
4. Яковенко Э.П., Краснолобова Л.П., Яковенко А.В. Влияниепрепаратов ацетисалициловой кислоты. На мрфофункциональное состояние слизистой оболочки желудка у кардиологических пациентов. Сердце. 2013, № 12 (3).

Резюме

В статье рассмотрены возможности использования ацетисалициловой кислоты и клопидогреля у больных с проявлениями атеротромбоза для первичной профилактики сердечно-сосудистых заболеваний и вопросы безопасности антитромбоцитарной терапии.

Summary

The possibility of using aspirin and clopidogrel in patients with manifestations of atherothrombosis for the primary prevention of cardiovascular disease and safety of antiplatelet therapy discusses in the article.

.

УДК: 615.322:582.998.2

Алиханова Х.Б., Алиханов Н.А., Байболат У.У., Алимхан А.Г., Канжар Ф.К.

Южно-Казахстанская государственная фармацевтическая академия, Шымкент

АРЕАЛ РАСПРОСТРАНЕНИЯ, ХИМИЧЕСКИЙ СОСТАВ И ПРИМЕНЕНИЕ В МЕДИЦИНЕ И В НАРОДНОЙ МЕДИЦИНЕ БЕССМЕРТНИКА ПЕСЧАНОГО

Аннотация: В данной статье представлены морфолого-анатомические исследования, химический состав и применение в медицине и в народной медицине бессмертника песчаного, произрастающего в регионе Южного Казахстана. .

Ключевые слова: бессмертник, микроскопия, морфолого-анатомический анализ, макроскопия, распространение бессмертника, химический состав и др.

Актуальной проблемой современной медицины являяется поиск новых биологически активных веществ и создание на их основе эффективных лекарственных веществ. С этой целью нами выбрано растение бессмертник песчаный

Бессме́ртник-или Цмин (лат. Helichrəsum) — крупный род многолетних трав, полукустарников и кустарников семейства Астровые (Asteraceae). (рисунок 1)

Представители данного рода встречаются в тёплой и умеренной зонах, обильно в Капской области, на Мадагаскаре, в Австралии и Малой Азии; число видов, произрастающих в остальной Азии и Европе, невелико [1].

Листья очерёдные, нижние супротивные, цельнокрайние. Корзинки гомогамные с небольшим числом обоеполых плодущих цветков.

Самые внутренние цветки гомогамной корзинки нередко стерильные.

Рисунок 1. Бессмертник

Бессмертник песчаный – одно из растений, активно применяемых народными целителями. По-другому его называют еще сухоцветом или цмином. Чаще всего его можно встретить в средней полосе России. Встречается бессмертник и на Украине, в Белоруссии и в некоторых странах Балтии [2,3].

Бессмертник песчаный содержит различные микроэлементы, жирные кислоты, стероидные соединения, флавоноиды, высокомолекулярные спирты, витамины С и К, каротин, дубильные вещества, минеральные соли изофлавоноидные гликозиды. Так как бессмертник песчаный содержит эфирные масло, имеет запах приятный, соответственно актвно применяется в ароматерапии.

А так же масло бессмертника помогает быстрому заживлению ссадин и царапин и даже может использоваться для защиты кожи от УФ-лучей.

Бессмертник в народной медицине используется при заболеваниях: камни в желчном пузыре, холецистите, воспаление почек и почечнокаменная болезнь, воспаление мочевого пузыря, заболевания печени, в частности, цирроз, а так же при е гельминтоз.

Химический состав соцветия бессмертника содержат флавоноидные гликозиды (салипурпурозид, кемпферол и изосалипурпурозид), флавоноиды (нарингенин и апигенин), сахара (1,2 %), витамины С и К. Кроме того, в соцветиях найдены фталиды, высокомолекулярные спирты, смолы (3,66 %), стероидные соединения, красящие вещества, эфирное масло (до 0,05 %), инозит, дубильные вещества, жирные кислоты, минеральные соли и микроэлементы. Сумма экстрактивных веществ составляет 26,8 %. В состав эфирного масла входят крезол, свободные кислоты, в том числе капроновая кислота. В соцветиях содержатся: зола — 1,32 %; макроэлементы (мг/г): К — 16,30, Ca — 7,00, Mg — 1,20, Fe — 0,13; микроэлементы : Mn — 0,38, Cu — 0,51, Zn — 0,39, Cr — 0,08, Al — 0,03, Se — 17,10, Ni — 0,71, Sr — 0,38, Pb — 0,02. B — 85,20 мкг/г. Концентрирует Se [4,5,6].

Таким образом, нами исследованы макроскопические, микроскопические исследования, а также изученыпроведены химический состав и применение в медицине и народной медицине бессмертника песчаного, произрастающего а Южном Казахстане.

Литература

1. Кирпичников М. Э. Род 1493. Цмин, Бессмертник — Helichrysum Mill. // Флора СССР. В 30 т / Начато при руководстве и под главной редакцией акад. В. Л. Комарова; Ред. тома Б. К. Шишкин. — М.—Л.: Изд-во АН СССР, 1959. — Т. XXV. — С. 404—430
2. Фармакогнозия Атлас, Том1Общая часть, Техника микроскопического анализа в фармакогнозии, «Гэотар-Медиа»,Москва,2010г.,(стр159-162.).
3. Кирпичников М. Э. Род 1493. Цмин, Бессмертник — Helichrysum Mill. // Флора СССР. В 30 т / Начато при руководстве и под главной редакцией акад. В. Л. Комарова; Ред. тома Б. К. Шишкин. — М.—Л.: Изд-во АН СССР, 1959. — Т. XXV. — С. 404—430
4. Мазнев Н. И. Энциклопедия лекарственных растений. — 3-е изд., испр. и доп. — М.: Мартин, 2004.
5. Универсальная энциклопедия лекарственных растений / сост. И. Н. Путырский, В. Н. Прохоров. — М.: Махаон, 2000. — С. 82—84.
6. Турова А. Д., Сапожникова Э. Н. Лекарственные растения СССР и их применение. — 4-е изд. стереотип. — М.: Медицина, 1984. — С. 200—202.

Түйін

Құмды салаубастың макроскопиялық және микроскопиялық зерттеулері,химиялық қасиеттері және маңызы

Құмды салаубастың микроскопиялық, макроскопиялық талдаулары және химиялық қасиеттері, медицинадағы қолданылуы зерттелінді.

Summary

Macroscopic and microscopic examination of immortelle sandy.

We have studied the macroscopic, microscopic examination, and studied the chemical composition and application in medicine and folk medicine immortelle sandy.

ӘОЖ 597.82.591.5

Исмаилов Ә.У., Сатилова И.
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ЖЫРТҚЫШ СҮТКОРЕКТІЛЕРГЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР ӘСЕРІН АНЫҚТАУ

Жыртқыш сүткоректілерге экологиялық факторлар әсерін анықтау.Тірі ағзаның әрекеті (реакциясы) арқылы антропогендік фактор әсерін,олардың тіршілік ортасын, биологиялық ролін анықтауға болады. Пассивті мониторингте еркін өмір сүретін тірі ағзалардың көрінетін немесе көрінбейтін жарқаттарымен, ауытқулар стресстік әсер ету белгілері болып табылады. Тірі ағза, экожүйе деңгейінде стресстік әсер етуді ажыратуға болады, егер сыртқы жарақаттармен ауытқулар көрініс тапса. Әртүрлі техногендік факторлар табиғи экожүйеде көптеген өзгеріс алып келеді, ал өз кезегінде зооценозға кері әсер етеді, өйткені зооценоз экожүйе компоненті болып табылады.

Кез-келген тірі организм өзін қоршаған ортамен тығыз байланыста ғана өмір сүре алады. Олар –топырақ, су, минералды заттар, жер бедері және атмосфералық әр түрлі құбылыстар. Табиғи ортаның компоненттері (ірі немесе ұсақбөліктері) тірі организмдерге оң немесе теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан, жыртқыштар үшін қалыпты өсіп –көбеюіне қолайлы орта болуы тиіс. Ал қуаң дала немесе шөлейітті жерлер ол үшін қолайсыз, өмір сүре алмайтын орта болып табылады. Бірақта организм үшін табиғаттың барлық элементтері белгілі мөлшерде қажет және жиынтық күйінде әсер етеді. олардың біреуі өте керек, екіншілері орташа, ал үшіншілері мүлдем керек емес зиянды болуы мүмкін. Сонымен орта дегеніміз –организмдердің өсіп –көбеюіне, тіршілігіне, дамуы мен таралуына тікелей жанама әсер ететін алмастыруға келмейтін табиғи ортаның элементтерін айтамыз.

Экологиялық факторлар –организм үшін керекті немесе теріс әсерін тигізетін ортаның элементтерін айтамыз. Табиғатта экологиялық факторлар жиынтық түрінде әсер етеді. Организмдер болса, факторлардың әсеріне әртүрлі реакция береді. Мәселен, ащы суда тіршілік ететін организмдер үшін тұз және минералды заттар шешуші роль атқарса, ал тұщы су организмдер үшін қажетті емес.

Шөл-шөлейітті жерлердегі өсімдіктер үшін жоғары температура, ылғалдың аздығы қолайлы фактор болса, ал орман өсімдіктеріне бұл қолайсыз факторлар болып табылады. Міне, осы жағдайлар мен факторлар оларға организмдердің бейімделуі ұзақ жылдар бойы қалыптасқан тарихи дамудың жемісі деп білеміз. Нәтижесінде өсімдіктер мен жануарлардың түбегейлі қалыптасқан географиялық белдемдері айқындалады.

Экологиялық факторлар үш негізгі топқа жіктеледі:

1) Абиотикалық факторлар.
2) Биотикалық факторлар.
3) Антропогендік факторлар.

Абиотикалық факторлар дегеніміз –организмдерге әсер ететін бейорганикалық ортаның жиынтығы. Олар –химиялық (атмосфераның химиялық құрамы, теңіз және тұщы сулар, шөгінділер т.б.)деп бөлінеді. Сол сияқты рельфі, геологиялық және геоморфологиялық құрылымы, ортаның сілтілік немесе қышқылдығы, космостық сәулелер, т.б. факторлар организм үшін әр түрлі деңгейде әсер етеді

Биотикалық факторлар дегеніміз–тірі ағзалардың бір-бірімен және қоршаған ортаға жағымды немесе жағымсыз әсер етуі. Өйткені, тірі организмдер бір-бірімен қоректену, бәсеке, паразиттік, жыртқыштық, сеселбесіп тіршілік ету арқылы алуан түрлі қарым-қатынаста болады. Аталған қарым-қатынастар өсімдік пен өсімдік, жануар мен өсімдік немесе жануар мен жануарлар арасында болуы мүмкін.Қазіргі кезде экологиялық мониторингте тірі ағзаларды биоиндикатор ретінде қарастырып олардың жойылмауына көңіл бөлу маңызды рол алады. Индустрия, ауылшаоруашылығы дамыған аудандарда қоршаған орта мәселелеріне мұқият көңіл бөлуді талап етеді.

Табиғат байлықтарын пайдалану және қорғау мәселелері сапалық, сандық жағынан да, жан-жақты және үнемі бақылап отыруды талап етеді. Мәселен, жануарлар әлеміне олардың таксономиялық құрамына, биотоптық бөлінуіне, динамикасына, мекен ету ареалының әртүрлі өзгерістеріне факторлардың әсері, соның ішінде антропогендік сипаттың көрінісі.

Барлық жағдайда қоғамның табиғатқа әсерінен табиғат объектілері немесе экожүйе бүтіндей өзгеріске ұшырайды. Онда бейімделушілік пайда болады немесе қайта қалпына келу процесі жүреді. Бұл процестер әртүрлі және олар өте аз зерттелген.

Антропогендік факторлар дегеніміз –айнала қоршаған ортаға тигізетін адам баласы іс-әрекетінің тікелей немесе жанама әсері. Яғни адамның табиғатқа немесе қоршаған ортаға әсер етуінің салдары. Адам баласы өзінің материалдық игілігі үшін табиғат байлықтарын игеруге мәжбүр болады. Нәтижесінде, ірі кешендер, өнеркәсіп, зауыт, кен байыту, ауыл шаруашылығы салалары дами

бастайды. Ал олардың зияны әр түрлі газдар, қалдықтар, лас сулар химиялық зиянды қосындызаттар айнала қоршаған ортаға түседі. Зиянды заттардың көпшілігі табиғатта айналымға түспей жинақталып бүкіл тіршілікке кері әсерін тигізе бастайды. Яғни, атмосфера ауасының ластануы су айналасының бұзылуы, жердің құнарсыздануы, қуаңшылық, өзен-көлдердің тартылуы, өсімдіктермен жануарлардың сиреп немесе құрып кетуі адам балансының денсаулығының бұзылуы және жалпы биосфера шегіндегі бұрын соңды болмаған климаттың өзгеру құбылыстар үдей түседі. Соңғы жылдары антропогендік факторлардың әсері табиғи ортаға және жалпы биосфераға айқын біліне бастады. Осыған орай адам баласының іс-әрекеттері бақылауға алынып, табиғат тепе-теңдігінің бұзылмауына жол бермеу жолдары ғаламдық проблемалар деңгейінде қарастырылуда.

Антропогендік фактордың салдары әртүрлі болып келеді, кейбір жағдайда табиғатқа өте көп нұқсан келтіреді.

Жыртқыш сүткоректілердің экологиялық, физиологиялық бейімделу реакциялары қызығушылық туғызады. Жануарлардағы бейімделу процесін оқып білу, олардың популяцияларының техногендік стресстік жағдайға қалай көндігетінін болжауға мүмкіндік береді. Тіршілік ортасы антропогендік әсерге ұшыраған жануарлардың сандық белгілерінен өзгерістерді көруге болады.

Жыртқыштар отрядының өкілдері: қасқыр, ит, аю, түлкі, күзен т.б. Олар жер бетінде едәуір кең тараған. Жыртқыштар отряды бірнеше тұқымдастарға бөлінеді, олардың негізгілері:

1) мысықтар тұқымдасына жабайы жөне үй мысығы, арыстан, жолбарыс т.б.;
2) иттер тұқымдасына ит, қасқыр, түлкі т.б.;
3) аюлар тұқымдасына қоңыр аю, ақ аю, т.б.;
4) сусар тұқымдасына сусар, бұлғын, борсық, күзен, аккіс, аққалақ т.б. жатады.

Жыртқыштардың тигізетін пайдасы да бар. Олар зиянды кемірушілерді жеп, табиғатта олардың санын реттеп отырады. Көпшілік түрлерінің кәсіптік маңызы бар. Кейбір құнды жыртқыштар (қара күзен - норки), көгілдір түлкі (песцы) қолда өсіріледі.

Үй мысығы Африкада, Орта және Орталық Азияда, Орта Азияда мекендейтін дала түз мысығынан шыққан. Мысық ең бірінші Египетте қолға үйретілген.

Историю развития современной международной миграции принято подразделять на несколько этапов [2]. В самый ранний период – с 1500-го по 1800 годы – миграционные процессы происходили в основном в Европе и были связаны с процессом колонизации и развитием экономики. С 1800-го по 1925 г. имело место массовое перемещение людей из промышленно развитых европейских стран в ряд бывших колоний [3, с.43]. С 1919 по 1939 годы из-за многочисленных войн, ожесточенных конфликтов и политических смут только в Европе оторванными от своих очагов оказались более 5 миллионов человек – русские, греки, турки, армяне, евреи, испанские республиканцы. Крупнейшее в современной истории перемещение населения происходило во время Второй мировой войны и в первые послевоенные годы. По приблизительным оценкам, в мае 1945 года в Европе было более 40 миллионов перемещенных лиц, не считая немцев, которые бежали от наступления советских войск на востоке. Кроме того, в Германии находилось 11,3 миллионов подневольных рабочих и перемещенных лиц, в свое время угнанных в Германию на принудительные работы [4]. Во время войны массовые перемещения людей происходили и за пределами Европы. В их числе были миллионы китайцев, перемещенных в занятых японскими войсками районах Китая. Такие перемещения огромных масс людей стали причиной возникновения системы международных организаций и разработки правовых норм в целях решения связанных с этим проблем.

В течение 50-х годов происходило перераспределение миграционных потоков между промышленно развитыми странами. В послевоенный период колониальная система распалась и образовалось около сотни новых государств, унаследовавших искусственно установленные границы, непрочное национальное единство, неустойчивые политические системы и несбалансированную экономику. Возникшая вследствие этого политическая и экономическая нестабильность привела к беспрецедентному увеличению числа конфликтов и очагов напряженности [5, с.23]. В 60-е гг. резко возросла временная трудовая миграция; 70-е гг. характеризовались ростом миграции по причине воссоединения семей. Для 80-х гг. стало характерным увеличение потоков беженцев, а также экономической миграции. Сегодня число лиц, пересекающих границы, велико как никогда. Международная миграция населения, достигающая, по оценкам специалистов 45-50 млн. человек в год, составляет одну из наиболее сложных проблем, стоящих перед всеми странами [6, с.112].

Первой крупной проблемой, связанной с беженцами после Второй мировой войны стал поток беженцев из Марокко во время войны за независимость, а также исход беженцев из Венгрии в 1956 г. В эти же годы сотни тысяч китайцев бежали в Гонконг, тысячи жителей Тибета - в Индию, многие европейские беженцы оказались в бедственном положении в Шанхае.

Массовые перемещения людей в другие страны явились последствием как гражданских войн, вооруженных конфликтов, этнических столкновений, так и национально-освободительной борьбы, охвативших многие регионы планеты в последние десятилетия ушедшего века.

Процесс деколонизации Африки, набравший силу в 60-е годы, привел к появлению большого количества беженцев. Во время войны за независимость Алжира многие жители бежали в Марокко и Тунис. После того, как в 1962 году Алжир обрел независимость, в страну вернулись около 250 тыс. беженцев. Это была первая операция по массовой репатриации Управления Верховного Комиссара ООН по делам беженцев. В эти же годы появилось много беженцев к югу от Сахары, особенно в Руанде, Конго и в других странах. Их было так много, что вместо того, чтобы рассматривать конкретные дела отдельных беженцев, УВКБ ООН было вынуждено заниматься массовыми потоками беженцев.[7, с.48] В 1971 году война, в результате которой Бангладеш обрела независимость, вынудила 10 миллионов жителей Бангладеш бежать в Индию. Во второй половине XX века это было самое крупномасштабное одновременное перемещение беженцев.

В результате произошедших в середине 70-х годов политических потрясений возникли массовые перемещения беженцев из Камбоджи, Лаоса и Вьетнама. Исход населения из Индокитая продолжался более двух десятилетий – за это время свои страны покинули более 3 миллионов человек. При содействии УВКБ ООН 2 миллиона из них осели в других странах, в том числе в США около 1,3 миллионов человек. Во время этого кризиса УВКБ ООН участвовало в сооружении лагерей для камбоджийских, лаосских и вьетнамских беженцев и в управлении ими, а также помогало в разработке новых мер по борьбе с пиратством и спасению людей на море для защиты вьетнамских «людей в лодках» [8, с.39].

В 80-е годы, когда «холодная война» стала более ожесточенной, а вовлеченность сверхдержав в гражданские войны в различных регионах мира превратила их в непрекращающееся заочное противостояние, конфликты вызвали новые волны беженцев и перемещенных лиц, особенно в регионе Африканского Рога, в Азии и Центральной Америке. В этот период большое число людей бежало из Афганистана. К этому времени относится также первый крупный опыт работы УВКБ ООН в Южной Америке. В результате свержения избранного демократическим путем правительства Сальвадора Альенде в Чили в 1973 году и установления режима военной хунты в Аргентине в 1974 году стало появление тысяч беженцев. В обоих случаях значительные их группы осели в Европе, Северной Америке и других частях света. Кроме того, необходимо отметить и другой не менее интересный факт в истории переселения, характеризующий вторую половину XX века, как модель, согласно которой потоки международной миграции имеют направленность из менее развитых стран юга в более развитые страны севера. По оценкам УВКД ООН в 80-е годы, например, из большего числа лиц, проживающих за пределами своей родины, около 60 % являлись выходцами из развивающихся стран [9, с.599].

Рубеж 80-90-х годов вошел в мировую историю в качестве переломного: завершились занявшие не один десяток лет эра «холодной войны» и противостояние Востока и Запада; распалась социалистическая система; был отменен контроль за выездом населения; бывшие социалистические страны и страны бывшего Советского Союза переориентировали свои интересы на Запад, стремясь влиять на основные политические, военные и экономические структуры западноевропейских стран – Организацию Североатлантического договора (НАТО) и Европейского Союза (ЕС). В этот период был проведен ряд крупномасштабных операций по репатриации. Однако в 90-е годы. до 9 млн. человек были вынуждены покинуть родные места. В первой половине 90-х гг. появились потоки беженцев и перемещенных лиц в результате межэтнических и сепаратистских вооруженных конфликтов в Закавказье и Средней Азии - в Сумгаите, Нагорном Карабахе, Абхазии, Южной Осетии, Таджикистане, Приднестровье, во второй половине 90-х годов - в Чечне.

Крупной чрезвычайной ситуацией 90-х годов было также массовое бегство курдов из северной части Ирака в 1991 году после подавления его правительством восстания курдов. Крупномасштабная чрезвычайная ситуация возникла в 1991 году на Балканах. Сопряженный с

насилием распад Югославии привел к самому крупному со времен Второй мировой войны в Европе кризису, связанному с беженцами. В 1999 г. на Балканах разразился новый кризис. Около 800 тыс. косовских албанцев бежали в Албанию и Македонию. После размещения в Косово возглавляемых НАТО сил на протяжении трех месяцев в результате процесса, получившего название «обратная этническая чистка», Косово вынуждены были покинуть около 200 тыс. сербов и представителей других меньшинств.

Литература

1. Моргун Ю.Ф. УВКБ ООН: международная защита беженцев // Белорусский журнал международного права и международных отношений. - 2000. - № 2. - С. 24-39.
2. Massey D.S. The Social and Economic Origins of Immigration // The Annals of the American Avademy of Political and Social Science. - 1990. July. Vol. 510. - P. 60-72
3. Права человека. Итоги века, тенденции, перспективы / Под ред. Е.А. Лукашева. - М.: Изд-во «Норма», 2002. - 121 с.
4. Hobsbawn E. The Age of Extremes: The Short Twentieth Century.- London, 1994. - P. 50-62.
5. Беженцы: динамика перемещений: доклад для независимой комиссии по международным гуманитарным вопросам / Пер. с англ. М., 1989. - 208 с.
6. Положение беженцев в мире: 50 лет гуманитарной деятельности. - М., 2000. - 743 с.
7. Widgren J. Asylum Seekers in Europe in the Context of South-North Movements // International Migration Review. - 1989. - Vol. 23, №. 3. - P. 599.
8. Беженцы. Статистика // Африкана.ру // http://www.afrikana. ru/bezhen/statistik.htm.

Түйін

Бұл мақалада босқындардың саяси құқықтық негіздерін дамыту туралы айтылған.

Summary

in this article refers political and legal basis for the development of refugee rights

Қасымбеков Н.К.

«ТұранАстана» университеті, Астана, Қазақстан

ЖЕРГЕ ЖЕКЕ МЕНШІК ЖӘНЕ ЖЕР ҚҰҚЫҒЫ

Аңдатпа: Бұл мақалада бүгінгі күнде Қазақстан Республикасындағы жерге деген жеке меншіктің,өзекті мәселелері және Конституцияда көрсетілген зандылктарды пайдаланып жеңіл түрде қол жеткізу жолдары көрсетілген.

Кілттік сөздер:жеке меншік, жер құқығы, заңды тұлға, тұрғын үй, өндірістік сипат, қосалқышаруашылық, құқықтық куәландыратын құжат.

Қандай да болмасын халықтың тарихында оның жалпы болмысында жер мәселесі ерекше орын алады. «Жер-тағдыры — ел тағдыры» — дейді дана халкымыз. Халықтың бақыты да, байлығы мен болашағы да осы жерге байланысты. Олай болса, жер қай халық үшін де киелі, қасиетті ұғым. Қазақ үшінде солай. Қазақ жер қорғауды елдіктің белгісі деп түсінген. Сол үшін жанын пида етуді әрбір азаматтың қасиетті борышы деп ұғынған, және ұрпағын осы ұлы құндылықтарға тәрбиелеп отырған. Жер мәселесіне келгенде өте сақтық танытып, жер қорғауды әрбір азаматтың атамекенін қорғау — ұятын, арын, намысын қорғау деп білген. Бұл жолда, қазақтар білек күші мен қатар сөз күшінің құдіреттілігін де пайдаланған. Өткен тарихта жері мен елі үшін күрескен небір орақ ауыз ақындар, өткір тілді шешендер, ел қорғаған хандар мен батырлар болғаны олардың есімдері саналы ұрпақ жадында жатталып келгені белгілі. Бүгінде үрдіс өз жалғасын табуда.

Жер туралы заңымызға, еліміздің ең негізгі заңы Конституциямызға сәйкес жер мемлекеттік және жеке меншік болады және бірдей қорғалады. Дегенмен де, екі меншіктің құқықтық жағдайы бірдей емес, әр түрлі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабына және 2001 жылдың 24 қаңтарындағы «Жер туралы» заңға сәйкес Қазақстанда жер заңмен көзделген тәртіп пен шектерде жеке меншікте бола алады. Яғни, жер келесі тұлғалардың жеке меншігінде бола алады:

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының. Оларға жер учаскелері мынадай төрт мақсатта беріледі:

- өзіндік қосалқы шаруашылық үшін;
- бағбандық үшін;
- саяжай құрылысы үшін;
- өндірістік және өндірістік емес құрылыс немесе құрылыс салу үшін, сонымен бірге, тұрғын үй ғимараты және осы ғимартты (құрылғы, құрылыс) қамтамасыз ететін жерді қоса алғанда. Мысалы, егер Қазақстан Республикасының азаматы тұрғын үйге және өндірістік және өндірістік емес сипаттағы өзге де құрылғы, құрылыстарға жеке меншік құқығы болса, онда ол азамат осы құрылғыларын, астындағы жер учаскесінің жеке меншік иесі болып табылады.

2. Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың.

3. Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың.

Аталған тұлғаларға жеке меншікке жер учаскелері бір жағдайда ғана беріледі, егер жер учаскесі өндірістік және өндірстік емес сипаттағы құрылыс, тұрғын үй үшін берілсе.

Бұдан басқа жер заңдарында жердің кейбір санаттары жеке меншік объектілері бола алмайды делінген. Бұл жердің мемлекет өмірінде саяси, стратегиялық және өзге сипаттағы қызметтерді атқаруымен байланысты. Оларға мыналар жатады:

Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер (Бұл жерлер тек Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншікке және тек өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу және бағбандық, саяжай құрылысы үшін ғана беріледі. Өзге жағдайларда, бұл жерлер пайдалануға (жалға) ғана беріледі. Шетел тұлғалары үшін ауыл шаруашылық, мақсатындағы жерлерді жалға беру мерзімі 10 жылдан аспауы қажет;

Комиссия әкімнің шешімімен жергілікті өкілді органдар депутаттарынан, жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдар өкілдерінен және сәулет және қала құрылысы органдар өкілдерінен құралады.

Жер учаскесін беру туралы өтініш, ол келіп түскен күннен бастап, үш аймерзім ішінде қаралуы қажет.

Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің жергілікті органдары жергілікті атқару органының тапсырмасы бойынша (елді-мекен жерлерінде сәулет және қала құрылысы органдарымен бірге) сұралып отырған жер учаскесінің арызда айтылған мақсатта қолданылу мүмкіндігін анықтайды.

Жер учаскесіне құқық беруден бас тарту жергілікті атқару органының шешімімен рәсімделеді. Шешімнің көшірмесі шешім қабылданғаннан кейін жеті күндік мерзім ішінде өтінушіге беріледі.

Жер учаскесіне құқықтық куәландыратын құжаттар уәкілетті органдармен беріледі. Оларға мыналар жатады:

- жер учаскесіне жеке меншік және тұрақты жер пайдалану кезінде жер учаскесіне меншік құқығы және тұрақты жер пайдалану құқығы актісі;)
- уақытша арқылы жер пайдалану кезінде – жер учаскесін жалдау туралы келісім шарт .
- уақытша ақысыз жер пайдалану кезінде — уақытша ақысыз жер пайдалану туралы келісім-шарт.

«Жер туралы» заңның 35-бабы 2-тармағына сәйкес, жер Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншігіне ақысыз түрде келесідей мөлшерде беріледі:

1) ауыл шаруашылығы жерлерінде жеке үй шаруашылығын (үй жа нындағы және далалық жерлердегі үлестерді қоса алғанда) жүргізу үшін — суарылмайтын жерлерден 0,25 гектар және суарылатын жерлерден 0,15 гектар;

2) жеке тұрғын үй құрылысы үшін — 0,10 гектар;

3) бау-бақша, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін — 0,12 гектар. Жоғарыда аталғандармен қатар жер заңында жеке меншікке, сондай – ақ тауарлық ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілетін жер учаскелерінің шекті (жоғарғы) мөлшері туралы айтылғандығын атап өткен жөн. Олар жергілікті жағдайларды және ерекшеліктерді ескере отырып жергілікті өкілді және атқару органдарының бірлескен шешімімен белгіленеді.

Бұл мемлекттік меншіктегі жер учаскесін мерзімсіз (тұрақты) және белгілі бір мерзім (уақытша) ішінде ақылы және (немесе) ақысыз негізде, тұлғаның иелену және пайдалану құқығы.

Жер пайдалану құқығы меншік құқығынан туындайды. Ол заттық құқық болып табылады. Жерге жеке меншік құқығынан жер пайдалану құқығын айыра білу қажет. Жер пайдалану құқығы туралы сөз қозғаған кезде мемелкеттік меншіктегі жер учаскесі туралы мәселе орын алады, яғни меншік иесі болып мемлекет қалады. Жеке меншік кезінде меншік иесі болып пайдасына жер учаскесі берілген тұлға табылады.

Жер туралы жаңа заң бойынша тұрақты жер пайдалану құқығы тек қанамемлекеттік заңды тұлғаларға беріледі. Олардың тізімі «Жер туралы» заңның 27-бабында мазмұндалған.

Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және азаматтардың пайдалануына мемлекеттікжертек уақытшаберіледі, дәлірек айтсақ 5 жылға дейін (қысқа мерзімді) немесе 5 жылдан 49 жылға дейін (ұзақ мерзімді). Бұрынғы «Жер туралы» жарлық бойынша шаруа (фермер) қожалықтарына, кооперативтерге, өзгеде мемлекеттік емес ауыл шаруашылық және орман шаруашылығы ұйымдарына жер тұрақты пайдалануға берілген. Жаңа заң бойынша бұл тұлғалар заңмен белгіленген жер учаскелерінің нормасы шегінде жоғарғы мерзімге жалдау шарты негізінде ұзақ мерзімді жер пайдаланушылар болып табылады, яғни олар 49 жыл бойы жер пайдаланушылар болып табылады.

Шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін жер пайдалануда болуымүмкін жер учаскелерінің шекті (жоғарғы) мөлшері қожалықтың әрбір мүшесі үшін он бес орташа аудандық жер үлесінен аспайтын мөлшермен белгіленеді.

Сондықтан да жер реформасының тетігі болып табылатын меншіктің түрлері тең дәрежеде сақталуы бүгінгі әлеуметтік тәжірибе мен қоғамдық қатынастардың даму деңгейінен туындап отыр.

Қазақстандағы жерге жеке меншік қатынастарының құқықтық реттелуі еліміздің экономикалық көтеріліміне негіз болады.

Жер құқығы, жоғарыда аталып өткендей жерге меншік құқығы жерді табиғи ресурс ретінде пайдалану, оны басқару мен қорғау қатынастарын реттейтін құқықтық нормалар жиынтығын құрайтын Қазақстан Республикасының құқығының дербес саласы.

Жер –бұл адам мен қоғам үшін тек экономикалық қажеттілік емес, ол табиғаттың басқа да объектілері мен байланыса түсе отырып, экологиялық мәнге ие болады.жердің барлық табиғи ресурстарды біріктіре отырып, оларға табиғи ортаны жасуы бекеремес. Бұл оның менщік объектісі ретіндегі, соынмен қатар пайдалану және қорғау объектісі, яғни табиғи ресурс ретіндегі құқықтық жағдайына әсер етеді.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 21-бабының 1-тармағы меншік құқығының мазмұнын ашады, ол жерге мемлекеттік меншіктің мазмұнының түсінігі мен жерге жеке меншік құқығынын мазмұнын қамтиды және меншік иесіне өзучаскесіне катысты иелену, пайдалану және билік ету құқықтары тиесілі екендігін көздейді .

ҚР Жер кодексіне сәйкес, жер учаскесінің меншік иесі Жер кодексінде және ҚР өзге де заң актілерінде көзделген негіздерде, шарттар мен шектерде меншік құқығын жүзеге асыра алады.

Жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншік құқығындағы жер учаскесін иелену, пайдалану және оған билік етудің түсінігі ҚР ЖК 12-бабының 28,31,32-тармақтарында көзделген жер учаскесін иелену, пайдалану және билік етудің түсінігімен ашылады. Және де айта кететін бір жайт, бұлар жер учаскесіне жеке меншік құқығының түсінігімен тығыз байланысты. Жерді иелену, нақтырақ айтқанда, жер учаскесін иелену құқығы бұл жерді (жер учаскесін) меншік иесінің жерді іс жүзінде иеледі жүзеге асырудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі. Жеке меншігі құқығындағы жер учаскесін жер пайдалану құқығын жер учаскесін нысаналы мақсаты бойынша пайдалану іс жүзінде пайдалану деп түсінген жөн (ҚР ЖК 64-бабы). ҚР Жер кодексінің 12-бабының 30-тармағында берілген анықтама жер учаскелеріне жеке меншік құқығына қатысы жоқ, себебі, бұл анықтама мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін көздейді.

Жеке меншіктегі жер учаскесіне билік ету — бұл жердің жеке меншік иесінің өз жер учаскесіне катысты Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынбаған мәмілелер жасауға құқығы.

Жер кодексінде меншік иесінін жер учаскесіне қатысты құқықтарының үш түрі көзделген:

1) жеке меншік құқығын іске асыру құқығы (25-бап);
2) жер учаскесіне құқык шектері (42-бап);
3) жер учаскелерінің меншік иелерінің құқықтары (64-бап).

Жекеменшік құқығын іске асыру құқығы.Егер Жер кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, жер учаскесінің меншік иесі мемлекеттік органдардың қандай да бір рұқсатын алмай, жер учаскесін өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асырады.

Меншік иесі өзінің жер учаскесіне қатысты оның нысаналы мақсатын өзгертпей, Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынбаған кез келген мәмілелерді жасасуға құқылы.

Ауыл шаруашылығы максатындағы жер учаскелерінің меншік иелері аталған құқықтарды ҚР Жер кодексінің ережелерін ескере отырып жүзеге асырады.

Жер учаскесіне меншік құқығы басқа адамға мәміле жасалған кездегі барлық ауыртпалықтарымен беріледі.

Жер учаскесінің меншік иесі оның нысаналы мақсатын өзгертпей, жер учаскесін уақытша пайдалану туралы шарттың негізінде оны уақытша пайдалануға беруге құқылы. Жер учаскесін уақытша пайдалану туралы шарт жалдау шарты (жалға алушымен) немесе ақысыз пайдалану туралы шарт (ақысыз пайдаланушымен) нысанында жасалады (ҚР ЖК 25-бабы).

Жер учаскесіне құқық шектері.Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, жер учаскесіне құқық осы учаске шекарасындағы топырақтың үстіңгі қабатына, тұйық су айдындарына, екпелерге қолданылады.

Жер учаскесі меншік иесінің топырақ астындағы жер қойнауын пайдалануы жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес және жер қойнауы саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Кең тараған пайдалы қазбаларды өндіруге және жеке қажетке жер асты суларын алуға жер қойнауын пайдалану құқығын табыстау қойнауында кең тараған пайдалы қазбалар және жер асты сулары бар жер учаскелерін жеке меншікке немесе жер пайдалануға берумен бір мезгілде жүргізіледі (ҚР ЖК 42-бабы).

Қорытынды

Республикамыздың негізгі Заңы — Конституцияда жер және жерді пайдалану мәселесі әржаққа жүгіртуге, бұрмалауға болмайтын негізгі мәселе болып табылады. Оның 6-бабының үшінші тармағында былай деп нақтылы жазылған: « жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігіде болады. Жер, сондай-ақ заңға белгіленген негіздерде, шарттар мен шектеуде жеке меншікте де болуы мүмкін».

Жер кодексін талқылау барысы елімізде демократияның берік орныға бастағанын көрсетіп отыр. Сондықтан жер құқығына байланысты барлық мәселелер Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделіп шешіледі.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 2005. 250 б.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 1994 жылы 27 желтоқсан. № 269 XIII Жалпы бөлім. Алматы, 2005. 150 б.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 1999 жылғы 1 шілдеде № 409 – I (ерекше бөлім). Алматы, 2005. 288 б.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс – жүргізу кодексі. (Астана, 1999 жылғы 13 шілдеде № 44 – I. Алматы, 2005. 145 б.
5. Қазақстан Республикасының «Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II кодексі. Алматы, 2005. 185 б.
6. «Жер қойнауы жәнежер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы № 2828 заңы. Алматы, 2005. 295 б.
7. Ә.С.Стамқұлов., Ғ.Ә.Стамқұлова. Жер құқығы. (Жалпы бөлім) Алматы. 2004 ж.
8. И.Оспанов. Құқық негіздері. Алматы 2006 ж.
9. Ә.Е. Бектұрғанов. Қазақстан Республикасының Жер құқық қатынастары туралы. Алматы, 1997. 325 б.
10. Архипов И.Г. Земельное право Респблиики Казахстан. Алматы 1997. 115 б.

Резюме

В этой статье ,частная собственность на землю в Республике Казахстан сегодня земля в использовании и как это предусмотрено в Конституции вопросам все путей доступа.

Summary

In this article , private ownership of land in the Republic of Kazakhstan today, land use and as provided in the Constitution on all access routes .

Нускабеков Е. Б.
ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы сот төрелігі институтының магистранты, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ САЛАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа: Мақалада атқарушылық өндіріс саласының өзекті мәселелері, мемлекет тарапынан жүзеге асырылған сот актілерін орындау жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар қарастырылған.

Кілттік сөздер: сот жүйесі, Сот актілерін орындау комитеті, сот орындаушылары, атқарушылық іс жүргізу туралы заңнама, сот өндірісі, борышкер, қарызды өтеу, сот орындаушысының көмекшісі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабында соттардың шешімдері, үкімдері мен өзге қаулылары барлық мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен міндетті түрде орындалуы тиіс деп бекітілген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңына сәйкес атқарушылық іс жүргізу дегеніміз – борышкерден атқарушылық санкциясын, атқарушылық іс жүргізу бойынша өсімпұлды және шығыстарды өндіріп ала отырып, атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату [1].

Қазіргі кезде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 05.07.1999 ж. № 931 қаулысына сәйкес сот актілерін орындау жөніндегі функциялар ҚР Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау комитетіне жүктелген.

Бүгінгі күні атқарушылық іс жүргізу жүйесінде өзекті мәселелер орын алуда. Мысалы, **көбінесе сот шешімдерінің 30 пайызынан астам бөлігі жыл сайын орындалмай жатады.**

«Прокуратура туралы» ҚР Заңына сәйкес атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалау еліміздің прокуратура органдарына жүктелгендігі бәрімізге мәлім [2]. Алайда аталмыш салада да белгілі бір шешімін таппай жатқан көкейкесті мәселелер баршылық. Атқарушылық іс жүргізу заңдылы ғын қадағалаудың басты проблемасы айналып келгенде атқарылған сот шешімі немесе өзге де органдар шешімдері бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізуге сайып келеді. Өйткені, азаматтарға келтірілген залалдың нақты өтелуі ғана атқарылған істің ақтық нәтижесіне алып келуі мүмкін.

Прокуратура және сот органдары жумысы тиімділігінің бағасы, соның ішінде азаматтар мүддесі мен құқықтарын қорғауға тиісті тұтас мемлекеттік өкімет беделі тек қабылданған шешімдердің саны мен сапасына ғана қатысты емес, ол, ең алдымен, азамат-тар мен заңды тұлғалардың сот көмегімен бұзылған құқықтарының және заңды мүдделерінің нақты қалы-пқа келтірілуіне де тікелей байланысты. Прокуратура органдарының бұл бағыт тағы қадағалау қызметі әу бастан азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бос-тандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституцияның, заңдар мен өзге де нормативтік актілердің орындалуын қамтамасыз етуге жұмылдырылған.

Атқарушылық істің жүргізу заңдылығына қадағалауды жузеге асыру кезінде прокуратура органдары соті актілерінің атқарылу заңдылығын қадағалауды жүзеге асыруға, соттар әкімшілерінің лауазымды адамдары тарапынан қолданылып жүрген заңнама нормаларының бұзылуын айқындауға ерекше назар аударады. Өйткені, күнделікті өмірімізде көптеген азаматтарымыздың өздерінің заңды құқықтарын жүзеге асыру жолында еселеген жігер жұмсап, әуре-сарсаңға түсулеріне тура келеді. Талап қоюшының пайдасына шешілген сот қаулысы талабының орындалуын күтудің орнына олар ендігі жерде одан да үлкен кедергілерге тап болып, табандарынан таусылады [3].

Құқықтық саясат тұжырымдамасында белгіленген бағыттарды жүзеге асыру, сондай-ақ, атқарушылық іс жүргізу саласында орын алған өзекті мәселелерді шешу мақсатында еліміздің құқықтық жүйесінде бірқатар өзгерістер енгізілген. Олардың бірі – сот жүйесіндегі атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамаларды жетілдіру, ондағы туындаған көкейкесті мәселелерді шешу, сот шешімдерінің уақтылы, кедергісіз, жылдам орындалуын қамтамасыз ету мақсатында туындаған сот орындаушыларының жеке институтын қалыптастыру идеясы екені белгілі.

Сот шешімін орындау жүйесі 2001 жылдың қаңтар айынан бастап Елбасы Н.Назарбаевтың жарлығымен Әділет министрлігінен Жоғарғы сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитетке берілді. Осы сәттен бастап атқару өндірісі жүйесі жаңа сапаға көтерілді деуге болады. Содан бері өз жұмысын адал атқарған сот әкімшілігі жөніндегі комитет сот жүйесінің біраз асуын бағындырып үлгерді. Сот жүйесі шеңберіндегі атқарушылық іс жүргізу органдарын қалыптастыру мен атқару қағаздарын орындау мәселелері көп жақсарды. Дегенмен заман талабына сай қандай жүйе болса да толықтыруды, одан әрі дамытуды қажет етеді.

Сонымен қатар, еліміздің атқарушылық заңнамасын жетілдіру мақсатында «Сот орындаушылары және оның мәртебесі туралы» заңының жаңа жобасын қабылданды. Жаңа заңға сәйкес жеке сот орындаушыларымен қатар, мемлекеттік сот орындаушылары да болады. Жеке сот орындаушы ларына арнайы лицензия беріледі. Екіншіден, олар сот бақылауы бойынша жұмыс жасайды. Заңсыз әрекеттерге жол берілмейді. Мемлекетттік органдарға байланысты шешімдерді орындау – мемлекеттік сот орындаушыларына, ал жеке тұлғаларға байланысты шешімдерді орындау жеке сот орындаушыларына жүктеледі [4].

Дегенмен елеулі жетістіктерді бағындырып отырса да, сот жүйесіндегі, атқарушылық іс жүргізу жүйесіндегі кемшіліктер туралы айтып кету орынды. Сот орындаушыларының жұмысына жасалнған талдау барысы көрсетіп отырғанындай, заңды күшіне енген сот актілерін атқаруға қатысты бірқатар проблемалар бар. Аумақтық учаскелердің материалдық-техникалық базасы нашар, сот орындаушылары көлікпен қамтамасыз етілмеген, еңбекақылары төмен, кадрлардың жетіспеу шілігі мен жұмыста тұрақтамаулары орын алуда. Көп ретте сот орындаушыла рының атқару өндірісінде 500-ден астам, кейде бір мыңнан аса атқарушылық құжаттардың жинақталып қалу жағдайлары жиі кездеседі. Сот орындаушыла рының заң бұзылыстарына жол берулерінің негізгі себептерінің бірі қолданылып жүрген заң нормаларын жете білмеуі, тіпті көп тте дұрыс қолданбаулары және өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерін лайықты орындамағанға да байланысты болып табылады [5].

Қазақстан Республикасы Конституциясы 76 бабының талаптарына сәйкес сот актілерінің барлықтары үшін міндетті күші бар әрі олар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуы тиіс.

Азаматтардың сот билігінің тиімділігіне көз жеткізуі атқарушылық өндірістің сапасына байланысты. Алайда, қазіргі кезде аталған сала шеңберіндегі институттар мемлекеттік орындау жүйесінің толыққанды қызмет етуін қамтамасыз етпейді, нәтижесінде жыл сайын орындалмаған сот шешімдерінің саны арта түсуде.

Осы саладағы көкейкесті мәселелердің бірі – орындау құжаттары санының жыл сайын өсуі, ол өз кезегінде сот орындаушыларының жүктемесіне де әсер етеді. 2002 жылдан бастап 2011 жылға дейінгі кезеңде аталған көрсеткіш екі есе рет өсті, ал соңғы 5 жыл ішінде бір сот орындаушысының жүктемесі 4,5 есе реттен астам мөлшерге өскен.

Бір атқарушылық құжатты орындау үшін тікелей орындаушылық іс-әрекеттерді жүзеге асырудан тыс сот орындаушысы 50-ге жуық кез келген құжаттарды әзірлеу керек. Осындайда, 2011 жылы бір сот орындаушының өндірісінде орта есеппен 1 мың құжат орындауда болған және де сот орындаушысы құжаттардың әрбіреуі бойынша барлық қажетті іс – әрекеттерді жүзеге асыруы керек.

«Атқарушылық өндіріс және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 1998 жылғы ҚР Заңының редакциясына сәйкес сот орындаушыла рының штаттық саны судьялар санына тең болуы тиіс еді. Алайда, бүгінгі күні судьялар мен сот орындаушыларының сандық ара қатынасы көзделген көрсеткішке сай емес; қызмет ететін судьялар саны 2185 болса, сот орындаушыларының жалпы саны бар болғаны 1474 штаттық бірлік қана. Тағы да бір дерек: атқарушылық өндіріс қызметкерлерінің жалпы штаты 1742 бірлік қана, ал сот жүйесі аппаратына қарасты қызметкерлерінің жалпы саны аталған көрсеткішке қарағанда бірнеше рет арта түседі; сот жүйесінде қызмет ететіндер саны 7 685. Осындайда сот орындаушылары уәкілетті органдарының әкімшілік жазаға тарту туралы атқарушылық құжаттарын да орындайды.

Сот орындаушысы біріншіден, сот актілерінің тікелей іс жүзінде толық орындалуына жауапты мемлекеттік қызметші болып табылады, ал екіншіден ол атқарушылық өндіріс шеңберінде туындайтын іс жүргізу құқықтық қарым – қатынастардың негізгі субъектісі. Аталған екі функцияларды тек бір сот орындаушысы қана атқаруда.

Сот актілері орындалуының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында біліктілігі мен уәкілеттілігі бойынша өзгешеленетін кез келген санаттағы тұлғалар арасында тікелей орындау

жөніндегі функциялар мен атқарушылық өндірісті процессуалдық сүйемелдеу жөніндегі функцияларды бөлу қажеттілігі бар.

Сот орындаушыларына «Атқарушылық өндіріс және сот орындаушыла рының мәртебесі туралы» ҚР Заңымен көзделген атқарушылық өндіріс шеңберіндегі қаулыларды шығару, әрбір атқарушылық өндірісте қарыздар мен төленбеген сомаларды өндіртіп алу стратегиясы мен тактикасын әзірлеу және аталған стратегияның жүзеге асырылуына бақылау жүргізу, атқарушы лық өндіріске қатысатын тұлғалармен және міндеттемені мәжбүрлі орындау үрдісіне енгізілген органдармен және тиісті ұйымдармен (соның ішінде ішкі істер органдарымен, салық органдарымен, борышқордың жұмыс беруші сімен, несиелік ұйымдармен және т.б.) өзара байланысты жүзеге асыру жөніндегі уәкілеттіліктер жүктелінуі тиіс.

Сонымен қатар, сот актілерін тікелей (техникалық) орындау жөніндегі функциясы (атқарушылық өндіріс шеңберінде тиісті мәліметтерді алу, процессуалдық құжаттарды тапсыру және т.б.) сот орындаушысына тікелей бағынышты болып табылатын және де сот орындаушысының сот актісін орындау жөніндегі қызметін қамтамасыз ететін сот орындаушысының көмекшілерімен жүзеге асырылуы тиіс. Атқарушы өндіріс органдарының тиімді қызмет етуі үшін көмекшілердің сандық құрамы сот орындаушы ларының санына сәйкес болуы тиіс деп есептейміз.

Көмекші лауазымын енгізу сот орындаушысының жүктемесін азайтуға мүмкіндік беріп, сонымен қатар, келешекте сот орындаушылары лауазым дарын иеленетін кәсіби кадр резервін даярлау үшін жағдай жасап, сот актілерін орындау сапасы мен сот актілерін орындау деңгейін арттырады.

Атқарушылық іс жүргізу саласында туындаған өзекті мәселелерді шешу мақсатында 2012 жылы ҚР Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау комитеті 2010 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот актілерін орындау Комитеті туралы № 812/1 ереженің 16 тармағының 5) тармақшасына сәйкес, уәкілетті органдардың актілері бойынша әкімшілік айыппұлдарды өндіртіп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау сапасын арттыру және оларды орындаудың бірыңғай тәжірибесін құру мақсатында *«Әкімшілік айыппұлдарды мәжбүрлі түрде өндіртіп алу жөніндегі уәкілетті органдардың қаулыларын орындау туралы әдістемелік нұсқауларды бекіту туралы» арнайы бұйрық шығарылған еді. Бұйрыққа сәйкес* әкімшілік айыппұлдарды өндіртіп алу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар бекітіліп, әкімшілік айыппұлдарды өндіртіп алу жөніндегі атқарушылық құжаттарды орындау барысында тиісті әдістемелік нұсқаулықтар басшылыққа алыну ұйғарылған [6].

Сонымен қатар, біздің пайымдауымызша, жоғарыда аталған өзекті мәселелерді алдын алып, оларды шешу үшін сот орындаушылары жұмысының ұйымдастырылу барысын түбегейлі өзгерту қажет. Атап айтқанда, сот орындаушыларымен әр апта сайын жеке кәсіби біліктілікті арттыру семинарларын өткізіп, олардың тек заң білімін ғана емес, сондай-ақ өз ісіне деген жеке жауапкершілік сезімін арттыруға бағытталған жұмыс жүргізу орынды болар деп санаймыз. Мысалы, сот орындаушыларын Сот актілерін орындау комитетінің аймақтық органдары өткізетін семинарларға қатыстырып, сот актілерін атқару процесінде кездесетін көптеген мәселелер мен проблемаларды талқылау барысына тарту керек деп санаймыз. Бұл бағытта дөңгелек столдар, сот орындаушылары мен сот шешімдерін атқару процесіне жиі араласатын ұйымдар мен мекемелер өкілдері арасында кездесулер өткізіп, сот орындаушыларының тәжірибесін аталмыш саладағы кемшіліктер мен өзекті мәселерді жоға бағыттау жөн деп білеміз.

Әдебиеттер

1. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы
2. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2709 Заңы (2014.04.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
3. «Сот шешімі неге орындалмайды?» Ж.Алмабеков. «Заң және заман». 2005 ж., № 4
4. Сот шешімі орындалуымен құнды» Б.Асанбеков «Әділ сот» № 5-2009 г.
5. Б.Тұрғараев «Атқарушылық іс жүргізу жөнінде ойлар». «Ақиқат», 2007 ж. № 1 .
6. 2012 жылы ҚР Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау комитеті 2010 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот актілерін орындау Комитеті туралы № 812/1 ережесі

Резюме

В статье рассматриваются актуальные вопросы исполнительного производства, меры,предпринятые государством поповышению эффективности системы исполнения судебных актов.

Summary

The article considers topical issues of enforcement proceedings, the measures taken by the government popoviciu the effectiveness of the system of execution of court acts.

Омарбеков Ж.А.
«ТұранАстана» университеті, Астана, Қазақстан

ЖЕКЕ МЕНШІК ЖЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа: Көрсетілген мақалада Қазақстан Республикасының жеке меншік жерлерді жекелей немесе ортақ үлестік шаруашылық пайдалану құқықтарын айқындап көрсету.

Кілттік сөздер:жеке меншік, жер құқығы, заңды тұлға, тұрғын үй, өндірістік сипат, қосалқышаруашылық, құқықтық куәландыратын құжат.

Жер учаскесінің меншік иесі оның нысаналы мақсатын өзгертпей, жер учаскесін уақытша пайдалану туралы шарттың негізінде оны уақытша пайдалануға беруге құқылы.Уақытша пайдалану туралы шарт жалдау шарты / жалға алушымен/ немесе өтеусіз пайдалану туралы шарт / өтеусіз пайдаланушымен/ нысанында жасалады.

Жер құқығы қатынастарының субъектілері болып, жер құқығы қатынастарына қатысушылар болып табылатын және соған орай құқықтары бар, әрі осы құқық қатынасында міндеттер атқаратын жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет танылады.

Жер құқығы қатынастарындағы құқық субъектіліктің негізгілері болып мыналар табылады: субъектінің жер құқығы қатынасына қатысуы; осы құқықтық қатынаста құқықтар мен міндеттерді иеленуі.Құқық субъектіліктің мұндай белгілерінен мынандай қорытынды шығады: жер құқығы қатынастарының субъектісі болып кез-келген тұлға емес, тек жер заңдарына сәйкес белгілі бір құқықтар мен міндеттерге ие немесе жер қатынастарына қатысумен байланысты құқықтарға ие тұлғалар ғана тавбылады.

«Жер кодексінде» жер пайдаланушылар бірнеше топқа бөліп қарастырылған.тұлғалардың жерге деген құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндіктері олардың құқықтық мәртебесіне қарай анықталады және жерге деген құқықтары мен міндеттері белгіленеді.Мемлекеттік емес жер пайдаланушылар болып азаматтар және / немесе/ мемлекеттік емес зханды тұлғалар табылады.Тұрақты жер пайдаланушылар-жер пайдалану құқығының мерзімі шектеусіз сипатта болатын тұлғалар.Бастапқы жер пайдаланушылар-жер пайдалану құқығын заңда көзделген тәртіппен тікелей мемлекеттен не осы құқықтан айыру тәртібімен басқа да бастапқы жер пайдаланушылардан алған тұлғалар.

Жер учаскелеріне ортақ үлестік менншік пен ортақ үлестік пайдалану ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде де рұқсат етіледі.

Бірлесе отырып шаруашылықты жүргізуші ерлі-зайыптылар, балалары, сонымен қатар асырап алған балалары, ата- аналары және басқа да жақын туыстары шаруақожалығының мүшелері болып табылады.Шаруа / фермер/ қожалығының басшысы ретінде Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған кез-келген әрекетке қабілетті азаматы бола алады. Шаруа / фермер / қожалығының басты белгісі мына анықтамадан көрініс табады: шаруа / фермер/ қожалығы дегеніміз-жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыра отырып, тауарлы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және осы өнімдерді қайта өндеп, өткізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді үздіксіз пайдаланатын тұлғалардың отбасылық еңбектік бірлестігі.

«Жер кодексі» жеке меншік құқығы мен жер пайдалану құқығын, соның ішінде, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде шаруа / фермер/ қожалығын жүргізу құқығын реттеуге бағытталған жер қатынастарының жаңа нысанасын орнықтырды.

Мысалы, Қазақстан Республикасының азаматтары «Жер кодексінің» 36- бабына және Шаруа /фермер/ қожалығы туралы заңдарына сәйкес, жер учаскелерін шалғайдағы мал шараушылығы /маусымдық жайылымдар/ үшін тұрғын халықтың мал жаюы үшін және басқа да жағдайларды уақытша ақысыз жер пайдалану құқығының негізінде пайдалана алады.

Мұндай жайылымдық жер пайдаланудың түрі оларға жеке меншік құқығы немесе уақытша ақылы жер пайдалану құқығы негізінде берілген жер учаскелерін есептемегенде, 49 жылға дейін берілуі мүмкін.

Қорытынды

Республикамыздың негізгі Заңы — Конституцияда жер және жерді пайдалану мәселесі әржаққа жүгіртуге, бұрмалауға болмайтын негізгі мәселе болып табылады. Оның 6-бабының үшінші тармағында былай деп нақтылы жазылған: « жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігіде болады. Жер, сондай-ақ заңға белгіленген негіздерде, шарттар мен шектеуде жеке меншікте де болуы мүмкін».

Жер кодексін талқылау барысы елімізде демократияның берік орныға бастағанын көрсетіп отыр. Сондықтан жер құқығына байланысты барлық мәселелер Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделіп шешіледі.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 1999 жылғы 1 шілдеде № 409 – I (ерекше бөлім). Алматы, 2005. 288 б.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс – жүргізу кодексі. (Астана, 1999 жылғы 13 шілдеде № 44 – I. Алматы, 2005. 145 б.
3. Қазақстан Республикасының «Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II кодексі. Алматы, 2005. 185 б.

Резюме

Указанном статье частные земли Республики Казахстан для определения права хозяйственного использования индивидуального или общего капитала.

Summary

Said article private land the Republic of Kazakhstan to determine the right of economic use of the individual or total capital .

Пайызова М.А., Ефимова И.Е.
ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

БОЛОНСКИЙ ПРОЦЕСС КАК ПОСТРОЕНИЕ ЕДИНОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА В ЕВРОПЕ

Аннотация: В данной работе представлен анализ формирования Болонского процесса, раскрывается основное содержание Болонского процесса. Анализируются итоги его реализации в странах Европы. Рассматриваются особенности реформирования высшего образования в Казахстане в контексте Болонского процесса.

Ключевые слова: Болонский процесс, интеграционные процессы в образовании, бакалавриат, магистратура, глобализация, Европа.

Высшее образование является важнейшим социальным институтом, функционирующим с целью удовлетворения общественных потребностей, и потому живо реагирующим на внутренние и внешние изменения и процессы. Постоянно возрастающие по объему и все более разносторонние по содержанию межстрановые экономические связи формируют потребность в универсальных кадрах специалистов, получающих профессиональную подготовку в национальных вузах. Это приводит к тому, что содержание национальных систем высшего образования естественно стремится к так называемым “мировым стандартам”, вырабатываемым мировой наукой и техникой. Процессы глобализации также требуют от национальных систем высшего образования новой целевой ориентации, учитывающей потребности в международной солидарности. В условиях глобализации неизбежна универсализация содержания и технологий образования, которую невозможно остановить при существующих мировых информационных и коммуникационных системах в виде Интернет. Происходит интернационализация высшего образования, которая постепенно приобретает черты качественно нового этапа – интеграции, всемерного сближения национальных образовательных систем, их взаимодополняемости. Превращение высшего образования в мировую социальную систему характеризуется множеством взаимосвязанных элементов разного уровня и

характера. Занимая свое специфическое место на рынке образовательных услуг, вузы взаимодействуют в форме сотрудничества или соперничества, вырабатывая основные ориентиры этого рынка.

Сегодня инвестиции в образование и профессиональную подготовку рассматриваются как важнейший фактор повышения конкурентоспособности ЕС, обеспечения постоянного роста его экономики. Развитие образования воспринимается как важнейшая предпосылка достижения экономических, социальных и природоохранных целей, выдвинутых в 2000 году в Лиссабоне. Вместе с тем сама возможность такого развития рассматривается через призму растущего взаимодействия образования с другими сопряженными сферами, такими как: исследования и инновационная деятельность, рынок труда и занятость, макроэкономическая политика в целом. Все это проявляется в стремлении европейских государств к унификации и интеграции образовательных стандартов, выработке общих критериев образовательной политики в рамках Болонского процесса.

Начальной точкой Болонского процесса является май 1998 г., когда министры образования Франции, Италии, Великобритании и Германии подписали в Париже «Сорбонскую декларацию». В июне 1999 г. министры образования 29 европейских стран подписали Болонскую декларацию. В декларации провозглашена стратегическая цель - к 2010 году создать единое Европейское пространство высшего образования, Этот механизм должен был помочь Европе стать континентом с процветающей экономикой, основанной на знаниях.

Болонский процесс – самая глубокая и масштабная за всю историю структурная реформация высшего образования в Европе, начало которой было положено подписанием Болонской декларации в 1999 году в Болонье, а реализация реформ осуществляется в соответствии с коммюнике конференций министров, ответственных за высшее образование, проводимых через каждые два года: 2001 г. (Прага), 2003 г. (Берлин), 2005 г. (Берген), 2007 г.
(Лондон), 2009 г. (Левен/Лувенла-Нев).

На *Болонской конференции* (1999), положившей начало Болонскому процессу, были намечены шесть основных линий его развития, зафиксированные в Болонской декларации.

На *Пражской конференции* (2001) наряду с шестью основными линиями развития Болонского процесса, намеченными в Болонской декларации были рассмотрены новые направления сотрудничества: образование в течение всей жизни, активизация роли студенчества в осуществлении болонских преобразований, повышение привлекательности и конкурентоспособности европейского высшего образования

Берлинская конференция (2003) приняла решение направить усилия на создание Европейского исследовательского пространства и его взаимодействие с Европейским пространством высшего образования (ЕВПО) как новой линии развития Болонского процесса. Было подчеркнуто, что степени первого и второго циклов должны иметь различную ориентацию и профили. С целью расширения мобильности и облегчения признания документов о высшем образовании была поставлена цель, начиная с 2005 г., выдавать выпускникам европейских вузов *Приложение к диплому*.

На *Бергенской конференции* (2005) была принята Всеобъемлющая структура
квалификаций для ЕПВО, которая включала три цикла (в том числе в национальных контекстах допускались промежуточные квалификации), универсальные дескрипторы для каждого цикла на базе результатов обучения и компетенций, а также диапазон зачетных единиц для первого и второго циклов. Было принято обязательство создать к 2010 г. Национальные структуры квалификаций, совместимые с Всеобъемлющей структурой квалификаций для ЕПВО. В Бергене одобрена идея Европейского регистра агентств обеспечения качества на базе национальной экспертизы. Было обращено внимание на проблему социального измерения в системе высшего образования: расширение доступа к высшему образованию, обеспечение социально-экономических условий для обучения студентов, содействие им со стороны правительств и вузов.

На *Лондонской конференции* (2007) отмечен прогресс на пути создания ЕПВО. Важным достижением является начавшийся переход от обучения, направляемого преподавателем, к студенто-центрированному высшему образованию. Подведены итоги по основным направлениям развития Болонского процесса и намечены приоритеты на 2009 год: мобильность, социальное измерение, трудоустраиваемость, реализация стратегии ЕПВО
в глобальном контексте.

В преддверии совещания министров в Левене /Лувен-ла-Неве (2008) Европейская ассоциация университетов выразила свою политическую позицию в отношении развития Болонского процесса

и наметили следующие основные цели на период после 2010 года: «1. Консолидация европейской широкой базы исследований, базирующихся на высшем образовании связь между высшим образованием и научными исследованиями как знак Европейского высшего образования; 2. Обеспечение большего образования большему количеству людей; 3. Новое понимание ответственности университетов перед обществом; 4. Готовность справляться с глобальными вызовами».

